**15 наурыз - РЕФЕРЕНДУМ! Сіздің дауысыңыз маңызды!**


# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 10 (1273)

13.03.2026

@ alatau.offset@mail.ru

alatau_gazeti

alatau_gazeti


РЕФЕРЕНДУМ




**Сізді 15 наурыз күні сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін Республикалық референдумға шақырамыз. Болашақ үшін әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!**

**Приглашаем Вас 15 марта с 07.00 до 20.00 на республиканский референдум. Важен голос каждого из нас!**

# БАЙҚАУ

## «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.




### БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

***Байланыс телефоны:*** **8 776 970 0718**

***Э/пошта:*** **alatau.offset@mail.ru**

# БАСПАСӨЗ - 2026

| *Жазылу бағасы:* | *Цена подписки:* |
|---|---|
| редакция арқылы<br>**1 жылға – 4 212 теңге.** | через редакцию<br>**на год – 4 212 тенге.** |
| «Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға<br>**1 жылға – 6 550,96 теңге.** | через «Казпочту» для физических лиц<br>**на год – 6 550,96 тенге.** |
| «Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға<br>**1 жылға – 8 925,28 теңге.** | через «Казпочту» для юридических лиц<br>**на год – 8 925,28 тенге.** |

Жетісу облысы бойынша жазылу индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534



# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

## КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бейбіт Исабаев Атамекен ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесті. Кездесуде Жетісу облысында шағын және орта бизнесті дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және инвестиция тарту мәселелері талқыланды.

Өңір басшысы облыста инвестициялық ахуалды жақсарту, инфрақұрылымды дамыту және бизнеске қолайлы жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын айтты. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және туризм салаларының дамуына ерекше көңіл бөлінетінін атап өтті.

Кездесу барысында металлургиялық комбинат, Қазақстан–Қытай халықаралық өндірістік қаласы және жүк пен жолаушыларға арналған әуежай құрылысы сияқты ірі инвестициялық жобалар сөз болды.

Өз кезегінде Қанат Шарлапаев Жетісу облысы республика бойынша шағын және орта бизнес көрсеткіші бойынша алтыншы орында тұрғанын айтып, алдағы уақытта кәсіпкерлерді қолдауға арналған «Іскер аймақ» жаңа бағдарламасы іске қосылатынын жеткізді.

## АҚСУ АУДАНЫНДА ЖАҢА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Ақсу ауданының Матай ауылында спорт залмен біріктірілген жаңа мәдениет үйі пайдалануға берілді. Нысанның ашылу салтанатына Жетісу облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, Ақсу ауданының әкімі Берік Тынышбаев, ардагерлер мен ауыл тұрғындары қатысты.

Жаңа мәдениет үйінде 180 орындық көрермен залы, үйірме кабинеттері мен шағын мәжіліс залы бар. Қазіргі таңда мұнда «Әжелер ансамблі», «Көркемсөз оқу» және би үйірмелері жұмыс істейді. Кешен құрамында аумағы 668 шаршы метр болатын спорт залы да қарастырылған. Мұнда волейбол, баскетбол, мини-футбол және үстел теннисін ойнауға мүмкіндік бар, сондай-ақ тренажер залы барлық қажетті құралдармен жабдықталған.

Жаңа нысанның ашылуымен 7 жұмыс орны құрылды. Ауыл тұрғындарының айтуынша, мәдениет үйі ауылдың рухани өмірін жандандырып, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне ықпал етеді.

## РЕФЕРЕНДУМ КҮНІ АВТОБУСТАР ТЕГІН ҚАТЫНАЙДЫ

15 наурыз күні елімізде Жаңа Конституция бойынша республикалық референдум өтеді. Осы күні Талдықорған қаласында автобустарда жол жүру тегін болады.

Қалалық жолаушыларды тасымалдаушы ұйымдардың бастамасымен 15 наурыз республикалық референдум өтетін күні қалалық маршруттарда жол жүру тегін ұйымдастырылады.

Автобустар таңғы сағат 06:00-ден түнгі 22:00-ге дейін қатынайды. 16 наурыздан бастап қоғамдық көлік штаттық режимде жұмыс істейтін болады.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТЕДІ

13 наурыз күні сағат 09:00-де Талдықорған қаласында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылады. Сауда «Әлдібек» базары аумағында өтеді.

Жәрмеңкеге Ескелді ауданы, Көксу ауданы, Қаратал ауданы және Текелі өңірлерінен келген шаруалар қатысады. Тұрғындар ет, сүт өнімдерін, көкөніс пен жеміс-жидектерді тікелей өндірушілерден нарықтағыдан төмен бағамен сатып ала алады.

Қосымша ақпарат: 8 702 196 48 25.

## ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАУІП ТӨНДІРГЕН 86 ЖҮРГІЗУШІ ҰСТАЛДЫ

Талдықорған қаласында патрульдік полиция қызметкерлері түнгі уақытта есірткілік мас күйінде көлік басқарған жүргізушіні анықтады. Күдік тудырған Volkswagen Passat автокөлігі тоқтатылып, тексеру барысында рөлде отырған 40 жастағы ер адамның есірткі әсерінде болғаны белгілі болды.

Қазіргі уақытта Жетісу облысы аумағында «Құқықтық тәртіп жедел-профилактикалық іс-шарасы» жүргізілуде. Соңғы екі айда өңір полицейлері жол қозғалысына қауіп төндіруі мүмкін 86 жүргізушіні анықтаған.

Полиция қызметкерлері азаматтарды жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауға және мас күйінде көлік тізгініне отырмауға шақырады.

## ҚҰТҚАРУ ОПЕРАЦИЯСЫ КЕЗІНДЕ ҚҰТҚАРУШЫ ҚАЗА ТАПТЫ

Жетісу облысының Панфилов ауданында Алтынкөл көлінде жүргізілген құтқару жұмыстары кезінде төтенше жағдайлар қызметінің қызметкері қаза тапты. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, 2026 жылғы 7 наурыз күні кезекші пультке Атамекен ауылдық округіндегі Алтынкөл көлінде балық аулау кезінде мұз жарылғаны туралы хабар түскен. Соның салдарынан ер адамдардың бірі бөлініп кеткен мұздың үстінде қалып, оны жел мен ағыс көлдің ортасына қарай алып кеткен.

Оқиға орнына Жаркент қаласындағы №11 өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері, Талдықорған қаласының жедел-құтқару жасағы, сондай-ақ ҚР ТЖМ «Барыс» республикалық құтқару қызметінің және Алматы облысы мен Жетісу облысы ТЖД құтқарушылары жедел түрде жіберілді.

Алайда құтқару операциясы барысында мұз қайтадан жарылып, қайғылы жағдай орын алды. Салдарынан Панфилов ауданының төтенше жағдайлар бөліміне қарасты №11 өрт сөндіру бөлімінің қараушыл бастығы, азаматтық қорғау майоры Дамир Таранов қаза тапты. Ол оқиға орнына болып, құтқару жұмыстарына тікелей қатысқан. Қазіргі уақытта оқиғаның мән-жайы анықталып жатыр.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАНДА ОТБАСЫ ОМБУДСМЕНІ ЛАУАЗЫМЫ ЕНГІЗІЛЕТІНІН АЙТТЫ

*Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде Отбасы мәселелері жөніндегі уәкіл қоғамдық лауызымы енгізілетінін мәлімдеді, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ Ақордаға сілтеме жасап.*



"Отбасын қорғау мәселелері жөніндегі уәкіл қоғамдық лауазымын енгізу адам құқықтарының қорғалуы мен отбасы институтын күшейтетініне сенімдімін.

Отбасы омбудсмені Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының бірінші орынбасары ретінде қызмет етіп, атқарылған істер туралы мемлекет басшысына есеп беріп отырады", - деді президент.

Президенттің айтуынша, мұндай жүйе тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын кешенді түрде жолға қоюмен қатар, отбасы саясатындағы басқа маңызды түйткілдерді шешуге мүмкіндік береді.

# ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ КӨКТЕМГІ ШАҚЫРУ БАСТАЛДЫ



***Қазақстан Республикасы Конституциясының 36-бабына сәйкес Отанды қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы мен міндеті. ҚР заңнамасына енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес, азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру тәртібі жаңартылды.***

Енді шақыру қағазы ұялы телефонға СМС-хабарлама арқылы немесе egov.kz порталындағы жеке кабинетке жіберіледі. Хабарлама азаматтың келуі тиіс күннен кемінде үш күн бұрын жолдануы керек. Егер азаматтың цифрлық деректері базада болмаса, шақыру қағазы бұрынғыдай тұрғылықты жері немесе жұмыс орны арқылы қолма-қол тапсырылады. Қағаз түріндегі шақыруды алудан бас тарту жауапкершіліктен босатпайды.

Сонымен қатар, әскерге шақырудан жалтарғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 647–650-баптарына сәйкес, дәлелсіз себеппен әскери комиссияға келмеген азаматқа 5 АЕК көлемінде айыппұл салынады. Ал Қылмыстық кодекстің 387-бабы бойынша әскери қызметтен қасақана жалтарғандарға 1000-нан 3000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Тергеу сотқа жеткенге дейін өз еркімен шақыру пунктіне келген азаматтар қылмыстық жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

**Ақбота ҚАЙРАТ,**
**ЖУ студенті**

# БИЛЬЯРДТАН ӘЙЕЛДЕР БӘСЕКЕСІ

***Әйелдер мерекесі қарсаңында облыс орталығындағы «Жастар» спорт сарайында бильярдтан әйелдер арасында қалалық ашық турнир өтті. Бұл дәстүр биылғы жылы осымен оныншы рет өткізіліп отырған қызықты жарыс екенін, оны ұйымдастырып отырған Талдықорған қалалақ әкімдігінің спорт бөлімі екенін де айта кеткеніміз жөн.***



Турнирдің ашылу салтанатына қалалық әкімдіктің спорт бөлімінің басшысы Жаннұр Әбішев сөз сөйлеп, қатысушыларға жеңістер тіледі.

Турнирге облыстық бильярд федерациясының президенті Тоқтар Есімов, бас төреші Төлеу Мәмбеталин қатысты.

Турнирге қатысуға 16 нәзік жанды әйелдер ниет білдірді. Ойын тәртібі американдық әдіспен өтті. Нәтижесінде, 1- орынды Үштөбелік Камила Трубчинникова, 2-ші орында Әйгерім Баубекова (Қазтелеком), 3-ші орынды Зарема Абуғалиева мен Айнұр Меліс бөлісті. Келесі орындарға Динара Мамырова (облыстық Ішкі істер басқармасы, майор), Алена Цой, Ұлар Жылқыбаева, Назым Жеңісхан ие болып, жүлдегер атанды.

Жүлдегерлерге турнир дипломы, медальдар мен марапат қағаздарға қоса бағалы және ақшалай сыйлықтар берілді. Турнирге демеушілік көрсеткен спорт сүйер қауым ретінде «Жерұйық» коммуналдық базарының «Жерұйық – өрлеу» ЖШС мен «Жетісу – серт» мекемелерінің үлесі атап кетуге тұрарлық.

**Сембек ӘБДІРАХМАНОВ**

**ТАБИҒАТ**

# ОРМАН ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТУРАЛЫ

***Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы. Ол адамзатқа таза ауа ғана емес, түрлі өсімдіктер мен жануарлардың мекені, сондай-ақ табиғи тепе-теңдіктің сақталуына үлкен үлес қосады. Сондықтан орманды қорғау – әрбір адамның міндеті. Соның ішінде орман өртінің алдын алу мәселесі өте маңызды.***

Орман өртінің пайда болу себептері әртүрлі болады. Мысалы, орманда от жағып, оны дұрыс сөндірмеу, темекі тұқылын тастау, шыны бөтелкелер қалдыру немесе қоқыс жағу сияқты әрекеттер өрттің шығуына себеп болады. Әсіресе жаз мезгілінде ауа райы ыстық әрі құрғақ болған кезде өрт тез таралады.

Орман өрті шыққан кезде оның салдары өте ауыр болуы мүмкін. Біріншіден, көптеген ағаштар мен өсімдіктер жанып кетеді. Екіншіден, орманда өмір сүретін жануарлар мен құстарға қауіп төнеді. Үшіншіден, өрттің түтіні ауаға таралып, адамдардың денсаулығына зиян келтіреді. Кейде үлкен өрттер елді мекендерге дейін жетіп, үйлер мен шаруашылықтарға да қауіп төндіруі мүмкін.

Сондықтан орманға барған кезде отты тек арнайы рұқсат етілген жерлерде жағу керек. Отты қолданғаннан кейін оны толық сөндіріп, үстіне су немесе топырақ себу қажет. Темекі тұқылын жерге тастауға болмайды. Сонымен қатар орманда қоқыс қалдырмау керек. Әсіресе шыны бөтелкелер күн сәулесін жинап, өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.

Егер орманда өрт байқалса, дереу ересектерге немесе арнайы қызметтерге хабарлау керек. Өртті ерте анықтап, уақытында сөндіру үлкен апаттың алдын алады. Орманшылар мен өрт сөндірушілер орманды қорғау үшін үлкен еңбек атқарады, бірақ табиғатты қорғау тек олардың ғана емес, барлық азаматтардың ортақ міндеті. Әр адам табиғатқа жанашырлықпен қарап, орманды қорғауға жауапкершілікпен қарауы тиіс.

**Ж.С. УМЕЕВ**
**«Қапал орман шаруашылығы» КММ №3 айналымның орман күтушісі**

# КОНСТИТУЦИЯ ГАРАНТИРУЕТ СВОБОДУ СЛОВА И ЗАПРЕЩАЕТ ЦЕНЗУРУ




***В Жезказгане состоялась встреча членов Общенациональной коалиции «За Народную Конституцию Справедливого и Прогрессивного Казахстана!» с жителями области Ұлытау передаёт Qaz365.kz.***

Делегацию возглавила заместитель премьер-министра – министр культуры и информации РК Аида Балаева, участие также приняли депутаты и представители экспертного сообщества, а также общественные деятели, юристы, представители сферы образования и жители региона. Предлагаемые нормы новой Конституции направлены не на ограничение свободы слова, а на защиту чести и достоинства каждого человека, его личной жизни. Самое главное – основной принцип остается неизменным: Конституция гарантирует свободу слова и запрещает цензуру. В современном открытом обществе каждый может свободно выражать свое мнение, однако это право, наряду с широкими возможностями, предполагает и определенную ответственность. Поэтому недопустимо умалять ее значение или отрицать её ценность. И самое важное –защищать общие интересы через согласие, взаимное уважение и солидарность», – сказала А.Балаева.

# АКИМ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ ОБРАТИЛСЯ К ЖИТЕЛЯМ РЕГИОНА

***Аким области Жетісу Бейбит Исабаев призвал жителей региона принять участие в республиканском референдуме, который пройдет 15 марта, сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***



В своем обращении глава региона подчеркнул, что предстоящий референдум – это прямой выбор народа, наглядно демонстрирующий зрелость и сплоченность нашего общества. "Конституция определяет будущее нашей государственности в условиях сложных противоречивых мировых геополитических процессов. При этом, новая редакция основного закона нашей страны определяет не только внутриполитические, но и внешнеполитические векторы развития страны. Поэтому участие в референдуме – это проявление гражданской активности и ответственности всех наших граждан", - сказал Бейбит Исабаев. Глава региона выразил уверенность, что жители области примут активное участие в предстоящем голосовании.

# ГЕНПРОКУРАТУРА НЕ БУДЕТ ПРОВЕРЯТЬ КВАРТИРЫ КАЗАХСТАНЦЕВ В ДУБАЕ



***Служба по возврату активов Генеральной прокуратуры Казахстана не видит оснований для проведения проверки информации о 97 квартирах в Дубае, которые, по данным журналистов, могут принадлежать гражданам страны. Об этом сообщили в ведомстве в ответ на запрос BES.media.***

Ранее журналистами было сообщено,что в жилом комплексе рядом с отелем Fairmont The Palm в Дубае около 97 квартир могут быть оформлены на граждан Казахстана. Предположительно среди владельцев могут быть судьи, бывшие министры, а также родственники государственных служащих. В Генеральной прокуратуре пояснили, что само по себе владение недвижимостью за рубежом не является нарушением закона. Также в Генпрокуратуре отметили, что кроме публикаций в СМИ обращений или заявлений по поводу этой недвижимости не поступало. Между тем , депутат Мажилиса Ерлан Саиров ранее заявил о намерении инициировать проверку законности приобретения зарубежом недвижимости бывшими высокопоставленными чиновниками Казахстана. Поводом стало обсуждение в соцсетях после инцидента с падением беспилотника возле комплекса Fairmont The Palm в Дубае. Тогда в сети начали обсуждать, чьи именно квартиры могли оказаться под угрозой.

# У 105-ЛЕТНЕЙ ПРАБАБУШКИ 103 ПРАВНУКА

***Жительнице Панфиловского района области Жетісу Нагиман Сартынбековой исполнилось 105 лет. У ажешки насчитывается 12 детей, 36 внуков, 103 правнука и 15 праправнуков, передает корреспондент агентства Kazinform. Жительнице Панфиловского района области Жетісу Нагиман Сартынбековой исполнилось 105 лет. У ажешки насчитывается 12 детей, 36 внуков, 103 правнука и 15 праправнуков, передает корреспондент агентства Kazinform.***



Нагиман аже,сумевшая вырастить крепкий и сплоченный род,родилась в прошлом веке,пережила все трудности тех времен. Только труд, по ее словам, был для нее естественной частью жизни. Она всю жизнь посвятила своей семье: растила детей и берегла домашний очаг. Для старших она символ семейной стойкости и пример того, каким должен быть человек. А 15 праправнуков — это уже четвертое поколение, которое видит в ней легенду.

# ОСТОРОЖНО, АДВОКАТА ТОЖЕ МОГУТ ОСУДИТЬ!

***В Павлодаре вынесен приговор адвокату областной коллегии, который признан виновным в крупном мошенничестве и подстрекательстве к даче взятки. Подробности дела сообщили в суде – передает сайт «Ақ Жайық».***

Следствием установлено, что юрист, пользуясь своим статусом, ввел доверителя в заблуждение. Он убедил клиента, что может «договориться» с должностными лицами за вознаграждение(за 6 млн.100 тенге), чтобы те приняли нужное процессуальное решение. Получив деньги, юрист распорядился ими по своему усмотрению, так и не выполнив обещаний. По приговору суда адвокат был лишен свободы на срок 3 года и 3 месяца в колонии, лишен звания подполковника и пожизненно лишен права занимать должности на государственной службе. Стоит отметить, что приговор еще не вступил в законную силу и может быть обжалован в апелляционном порядке. Напомним, ранее в Казахстане ужесточили ответственность для юристов и консультантов за подстрекательство к коррупционным правонарушениям.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

## КАЗАХСТАН ГОТОВИТ МАССОВУЮ ДЕПОРТАЦИЮ РОССИЯН

Правозащитники всерьез обеспокоены положением россиян с антивоенной позицией в Казахстане, передает Ulysmedia.kz.

"Новая газета" со ссылкой на проект "Слово защите" пишет, что Комитет национальной безопасности Казахстана расследует уголовное дело о поддельных регистрациях временного пребывания (РВП). По данным издания, свидетелями по делу проходят десятки россиян призывного возраста. Уточняется, что расследование началось в конце февраля 2026 года, и допрашиваются по 3-4 человека одновременно. Факт того, что делом занимается КНБ, как считают правозащитники, может свидетельствовать о подготовке массовой депортации россиян. РВП позволяет жить в Казахстане до одного года. Чтобы получить этот документ, нужно иметь официальное трудоустройство и прописку. Ранее Казахстан решил экстрадировать нескольких российских активистов. В частности, речь идёт об экс-волонтере штаба Навального Юлие Емельяновой.

## КАЗАХСТАН И ИРАН ПОСТРОЯТ КРУПНЫЙ ЗАВОД В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В Алматинской области построят завод по производству замороженного картофеля фри, передает Ulysmedia.kz.

Общая стоимость завода - 49,2 млрд тенге, сообщили в региональном акимате изданию LS. Проект реализуется с иранской стороной, создадут 80 рабочих мест. Мощность — до 30 тыс. тонн в месяц. Предприятие возведут на 11 га в Конаеве. Уточняется, что в настоящее время уже проведены работы по топографической съемке, получены техические условия на подведение электричества и водоснабжения. Ожидается, что сначала сырье будет импортироваться из Ирана, затем планируется закупка у местных фермеров. Экономист Рахимбек Абдрахманов считает, что в Казахстане сейчас сложился не самый благоприятный инвестиционный климат. Иностранные бизнесмены, по его словам, не воспринимают нашу страну в качестве безопасной и выгодной гавани.

## В СПИСКЕ FORBES УЖЕ 8 МИЛЛИАРДЕРОВ ИЗ КАЗАХСТАНА

В обновлённый мировой рейтинг миллиардеров Forbes впервые вошли два предпринимателя из Казахстана – Нурлан Смагулов с капиталом 1,3 млрд. долларов и Айдын Рахимбаев – с капиталом в 1,1 млрд. долларов. Теперь в списке самых богатых людей мира значатся восемь казахстанцев, передает Exclusive.kz.

Самым богатым казахстанцем остаётся бизнесмен Вячеслав Ким (7,8 млрд. долларов), в мировом рейтинге он занимает 477-е место.

Следом идёт Владимир Ким (5,9млрд.долларов) в мировом рейтинге на 712-м месте. Тимур и Динара Кулибаевы – капитал каждого составляет 5,4 млрд. долларов, в мировом списке на 780-м месте. Дальше в списке миллиардеров журнал отметил предпринимателя Булата Утемуратова, Тимура Турлова, основателя и главу международного инвестиционного холдинга Freedom Holding.

## ЗНАНИЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА ДОКАЗАЛИ ЖИТЕЛИ ОМСКОЙ ОБЛАСТИ

Школьники Омской области соревновались за путевки на международную олимпиаду по казахскому языку, которая пройдет в Казахстане, передает Ulysmedia.kz. Министерство образования подвело итоги региональной олимпиады по родным языкам народов, проживающих на территории Омской области. Так, в Сегизбайской основной общеобразовательной школе Азовского немецкого национального района прошла олимпиада по казахскому (родному) языку и литературе. В ней приняли участие 29 учеников из разных районов Омской области. Также для педагогов провели семинар по практическим вопросам при изучении казахского языка на уроках. Теперь победители региональной олимпиады отправятся в Казахстан - уже на международный смотр. Мероприятие пройдет в июле 2026 года. Согласно переписи населения, в Омской области РФ проживают около 70 тысяч казахов. Это вторая по численности нация в регионе. Центр казахского языка в Омске заработает по-новому. Планируется приглашение из Казахстана преподавателя - носителя языка.

(Все материалы взяты из открытых источников)

# Я ПРИЗЫВАЮ ПРИСВОИТЬ ТОҚАЕВУ ПОЧЕТНЫЙ ТИТУЛ АТА ҚАЗАҚ!

**Я ИДЕЮ ЭТУ ВЫДВИГАЮ НЕ ВПЕРВОЙ. В ДАННОЕ ВРЕМЯ МЕНЯ ИСКЛЮЧИТЕЛЬНО МОТИВИРУЮТ ПОЗИТИВНЫЕ НАМЕРЕНИЯ ТОКАЕВА СДЕЛАТЬ ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНЦЕВ ЛУЧШЕ, ЧЕМ ЕСТЬ СЕЙЧАС. КОНЕЧНО, ЭТО НАШЕ ОБЩЕЕ ДЕЛО. И НАМ ЛУЧШУЮ ЖИЗНЬ НИКТО НЕ ПРИНЕСЕТ. ПОЭТОМУ Я ИСКРЕННЕ ПРИЗЫВАЮ ГЛАВУ ГОСУДАРСТВА ВНЯТЬ ГОЛОСУ РАЗУМА И ЛОГИКИ, И ЕСЛИ ОН СУМЕЕТ ИЗМЕНИТЬ НАШЕ ГОСУДАРСТВО И ЖИЗНЬ НАРОДА В ЛУЧШУЮ СТОРОНУ, ТО ОН ДОСТОЙНО ВОЙДЕТ В ИСТОРИЮ, КАК ПРЕЗИДЕНТ ПРОЛОЖИВШИЙ НАЧАЛО ПУТИ СТРОИТЕЛЬСТВА ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО И ПРАВОВОГО КАЗАХСТАНА. ОДНАКО, К СОЖАЛЕНИЮ, У НАС МНОЖЕСТВО ХИТРОСПЛЕТЕНИЙ, УХИЩРЕНИЙ, ИЗВОРАЧИВАНИЙ ЛЖИВЫХ ЧИНОВНИКОВ, КОТОРЫЕ ПУСКАЮТ ПЫЛЬ В ГЛАЗА НАРОДУ И УВЕРЯЮТ В СВОЕЙ ПРАВДИВОСТИ ГЛАВУ ГОСУДАРСТВА. ЕСЛИ КТО НЕ СОГЛАСЕН СО МНОЙ, КОНКРЕТНЫМИ ПРИМЕРАМИ - ДОКАЖИТЕ МОЮ НЕПРАВОТУ. Я ГОТОВ ВАС ВЫСЛУШАТЬ. ТЕМ НЕ МЕНЕЕ, ХОТЕЛОСЬ БЫ ВЫРАЗИТЬ СОБСТВЕННЫЕ МЫСЛИ ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ КАЖДОГО ЧЕЛОВЕКА В ОБЩЕСТВЕ: И ПРОСТОГО, И ЧИНОВНИКА И ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА.**




## ОБ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Ответственность- это надежный и верный ориентир на всем жизненном пути человека. Это обязан осознать и стар, и млад, рядовой труженик и Глава государства. В них логика развития.

Во-первых, понятие «ответственность» - прежде всего, проявляется в адекватном восприятии реальности, какой бы горькой она не была, признании недостатков и решительном исправлении ошибок.

Во-вторых, это удел масштабно и системно мыслящей, харизматичной и целеустремленной личности, способной избежать безответственности и бесчестья.

Первый начинается со лжи и имеет разрушительные последствия. Второй – с принесения совести в жертву ради должности и богатства, потерей человеческой порядочности.

Люди обязаны нести моральную и правовую ответственность перед законом и будущим поколением за свои слова и действия, поступки и последствия принимаемых решений, за недостойное поведение и каждый неверный шаг.

А лица и партии, наделенные властью, наряду с этим, ответственны за обеспечение научно-технического и общественного прогресса, повышение качества жизни населения. Они должны стать единственным критерием регулярной оценки эффективности их деятельности, с должными организационными выводами. Иначе не будет порядка, а пустые обещания станут бесконечными.

В демократических и правовых странах при невыполнении этих задач, чиновники при строгом спросе не цепляются за власть, как у нас, закусив удила зубами или цепляясь за кресло... Ибо понимают, что народ этого не позволит!

Мы же, уже освобождали высшее должностное лицо от уголовной и административной ответственности. Негативные последствия общеизвестны. Остается со всей ответственностью подчеркнуть,какой смысл заново наступать на одни и те же грабли?

Вообще, уводить президента от ответственности при исполнении полномочий заранее, предусмотреть это на законодательном уровне - не поддается ни здравому осмыслению, ни объяснению. Зато просматривается игнорирование национальных интересов. После этого, ожидать эффективную деятельность госорганов, просто абсурдно.

Если мы не образумимся, то коррупция и ложь, подхалимство и понибратство, бахвальство и пустословие окончательно разложат наше общество. Не будут ликвидированы порочные проблемы социально-бытового характера и безработица.

Если мы не научимся благоразумно воспринимать



*Автор*

критику и предложения граждан, если мы продолжим разбазаривание ресурсов и сохраним принцип «шито-крыто» от народа, не сможем различать добро и зло, кто друг и кто враг, также будем делать громогласные заявления, что побороли коррупцию, а также заверять,что мы станем свидетелями нового духовного подъема нации – то все эти заверения окажутся пустышками.

## ГРАЖДАНСКИЙ ВЫБОР И ПРЕОДОЛЕНИЕ РУБИКОНА

Прямым следствием отсутствия ответственности являются проблемы казахского языка. Эмоцианальное выступление девушки молдаванки на мероприятии в Костанае, меня вернули в детские годы и тронули настолько, что на глазах появились слезы. Я уверен, ее страстные слова не осознают сердцем, не поймут умом и не примут душой власть имущие, являющиеся камнем преткновения в решении этого вопроса, до кровотечения набившего оскомину. А ее призыв станет очередным безответным гласом вопиющего в пустыне. Дружно похлопали и этим кончится. Поскольку безнравственное нарушение правового равенства продолжится, принцип «Закон и Порядок», не сработает. О правильных вещах можно много говорить и писать, даже внести в Конституцию . Вопрос в том, будут ли они исполняться?

Для нас это болезненная проблема. А в международных отношениях развитые страны нас не будут воспринимать в качестве полноправных субъектов. Но непременно постараются использовать, как объект дешевого сырья или для реализации своих эгоистичных замыслов. Примеров тому уйма.

Природа человека такова, даже гении и мудрецы не бывают идеальными. Все допускают ошибки, но немногие делают выводы. В свое время Рузвельт сказал «Умный учится на своих ошибках, мудрый – на чужих, а глупый не учится никогда». С учетом нынешней сутуации в нашем разбалансированном бытье, счел уместным высказать свое суждение относительно конца выражения. Глупый, с психологией премудрого пескаря, учится у лица, живущего в крайней хате.Это прямой путь к безответственности и безразличию, стремлению жар загребать чужими руками. Они совершают безнравственные преступления.

В выше приведенных высказываниях каждый обязан увидеть себя. В унисон сказанному, наш долг и в первую очередь интелигенции, сделать ответственный гражданский выбор и преодолеть Рубикон, сковавший все разумные действия. Тем самым мы морально очистимся и духовно вырастим. В этом логика жизни.

## О НЕПРИКОСНОВЕННОСТИ ПРЕЗИДЕНТА

А теперь, я позволю себе призвать Токаева руководствоваться народной мудростью: «Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады». И понять, что приспособленцы и угодники, приукрашивающие действительность, главные недруги народа и страны, значит и Президента. Это не утрирование, а суровая реальность, высказанная человеком, искренне переживающим за будущее наших детей.

По Конституции честь и достоинство Президента неприкосновенны. Несомненно, справедливо. Так и должно быть. Но, в первую очередь об этом обязан позаботится сам Президент. В чем оно заключается? На мой взгляд, вот в чем оно заключается:

-Беспрекословное соблюдение требований Конституции и клятвы




данные народу , объективных закономерностей развития общества и законов государства .

- Обеспечение единства народа и власти. Самокритичность, признание и исправление собственных ошибок. Разумное восприятие критики и предложений граждан.

- Безусловное выполнение обещаний и поручений. Воздерживаться от необъективных восхвалений кого- либо или порочащих высказываний, безнравственных и необоснованных действий.

-Руководствуясь принципом «не количеством, а качеством», осуществить подбор профессиональной команды до мозга костей, преданных интересам народа и страны.

-Оперативное доведение до логического завершения начатых дел и озвученных им проблем. Для нас это самый больной вопрос.

-И наконец. При исполнении служебных обязанностей Президенту непременно следует избегать двойного стандарта. Иначе власть имущие и их приближенные, как и ныне, будут пребывать в привелигированном положении, а простые люди - лишатся жизненно важных прав. Ибо для народа - источнику власти, владельцу земли и природных ресурсов, Конституция и законы обернутся лишь неисполненной декларацией и лозунгом. Ныне, так и есть. Понять эту очевидную истину не нужно быть гением. Требуется лишь простая человеческая порядочность и способность логично мыслить.

Критически оценив, сложившуюся ситуацию в этом архиважном деле, приходится констатировать наличие серьезных проколов, ставших для власти, непреодолимым Рубиконом. Этому уйма примеров. Естественно, они дают повод для критики, а при определенных обстоятельствах могут спровоцировать посягательство на неприкосновенность Главы государства. Поэтому допущенные ошибки нужно незамедлительно исправлять. А именно:

- Проект Конституции направить на доработку, поручив ее профессионалам. В частности, в новой редакции предусмотреть независимость ветвей власти, с соблюдением системы сдержек и противовесов, исключающих абсолютную власть Президента. К сожалению, из ранее допущенных ошибок, до сих пор не сделаны надлежащие выводы.

- Нужно принять по выборам новый закон, соответствующий международным стандартам.

- Усилить работу по возврату государству незаконно приобретенных активов. От ее успеха во многом решается судьба независимости страны.

- Решительно пресекать попытки выдавать желаемое за действительное.

- Освободить всех политзаключенных.

На борьбу за справедливость человека вынуждает гражданская ответственность и несгибаемая воля или безысходность, когда ему терять уже ничего. Их невозможно предотвратить ни запретом, ни репрессиями. Это очевидно.

В политике самая большая глупость и опасность - подавление инакомыслия.

Это непосильное, потому бездарное, стремление чиновников противостоять действию не подвластной человеку, объективной закономерности диалектики «Единство и борьба противоположностей». Что сдерживает прогресс общественного развития и неизбежно приводит к социальному взрыву. Чтобы избежать их, следует зарегистрировать оппозиционные партии, признающие эволюционный путь развития.

Для успешного решения этих задач, Президенту требуется разумное сочетание демократичного и авторитарного методов управления, обеспечить прозрачность и предсказуемость, динамичность и последовательность проводимой стратегии.

При выполнении президентом этих обстоятельств люди поверят Токаеву и безусловно позаботятся об его авторитете, а злопыхательские наскоки будут решительно пресечь. В этом не может быть сомнений.

Следует вывести народ из нынешнего аполитичного состояния и дать ему возможность проявить свою мудрость!!! Если проигнорируем, тогда власть продемонстрирует несостоятельность и неминуемо потерпит крах. От этой участи ее не спасет никакая Конституция. Ведь в наших бедах виновна не Конституция, а воровитые чиновники и жантыки-лизоблюды. Честь и достоинство им чужды.

Поэтому управленцам пора адекватно воспринять реалии жизни и отказаться от политики без будущего. А кто не в состоянии перестроится – незамедлительно избавляться. От этого только выиграем.

Если народ и Токаев сердцем не осознают, умом не поймут и всей душой не примут эти истины, то нас ждут еще более трудные времена. А попытки преподнести действительность в розовом цвете с вымышленными достижениями, ситуацию только усугубят. Время всему судья. Оно все расставит на свои места. Дай Бог, чтобы я ошибся.

**Власть имущие и партия Аманат! Если считаете проводимую вами политику верной и если уверены в себе, проведите честный и прозрачный Референдум, не прибегая к административным ресурсам. В этом случае, на тарелочке с голубой каемочкой, получите поддержку всего населения. К сожалению, вероятность нулевая. Ибо для них собственный интерес, превыше всего. Согласитесь, сказано дипломатично. Однако, встает закономерный вопрос. Если мы, особенно власть имущие, будем думать только о личном сиюминутном благополучии, то кто позаботится о будущем страны и народа?! Задумайтесь над этим! Докажите, что это вам по плечу и заслуживаете пребывание во власти.**

(Из выступления по Ютуб-каналу)

**Өмірсерік КӨПЖАСАРОВ,**
**читатель газеты «Алатау».**
**город Талдыкорган**

# РУХЫ БИІК ӘКЕЛЕР – ҰЛТ БОЛАШАҒЫН МӘПЕЛЕР

***«Қ.ҚАСЫМОВ АТЫНДАҒЫ №28 IT МЕКТЕП - ЛИЦЕЙІНІҢ» АЛДЫ КҮНДЕГІГЕ ҚАРАҒАНДА ӘБІГЕРЛІ, ОҚУШЫЛАРДАН ГӨРІ МЕКТЕПКЕ АТА-АНАЛАР КӨБІРЕК КІРІП ЖАТТЫ. КӨПТІҢ БІРІ БОЛЫП МЕКТЕПКЕ БІЗ ДЕ КІРДІК. АЛДЫМЫЗДАН МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ КАРИМБАЕВА МАРЖАН САҒЫНТАЙҚЫЗЫ ЖЫЛЫ ЖҮЗБЕН ҚАРСЫ АЛДЫ. МЕКТЕПТІҢ КІРЕ БЕРІС ДӘЛІЗІНДЕ ҚҰРМАНҒАЗЫНЫҢ КҮЙІ «БАЛБЫРАУЫНҒА» БИШІ ҚЫЗДАР БИЛЕП ЖАТТЫ.***

Жағалай орналасқан **«Ұлттық құндылықтар мен әке тәрбиесі»** атты қолөнер көрмесінде ағаш бұйымдарын жасауға қажетті сүргі, бұрғы, ара, қашау сияқты құралдарымен ағаш ыдыстар, күрек, қасық, домбыра, қобыз, асатаяқ т.б. бұйымдар қалай жасалатынын балалар әкелерімен бірге көрсетіп жатты. Әкелердің бірі сиыр терісінен қиылған қайысты өріп, қамшы, құйысқан, жүген, тартпа, өмілдірік өріп, оның қалай жасалатындығын айтып көрсетті.

Үлкен бір ақсақал әкесінен қалған қамшы, бүркітті қолына қондырарда киетін биялай мен бүркіт қонғанда аттың үстінде ердің қасына қоятын тіреуішті көрсетті. Бұл әкесі ұстаған бұйымдардың жасалғанына 101 жыл уақыт өтіпті.



Қыздар тоқыма бұйымдарын жасау мақсатында жүннен жіпті иіру үшін керекті құрал ұршықтың қалай жасалатындығын түсіндірді. Атам қазақ әу бастан-ақ «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп бекер айтпаған болар.

Одан әрі бірнеше әке балалармен асық иіріп атып, **ұлттық ойынды** айтып түсіндірді. **«Әке - отбасының тірегі»** атты дөңгелек үстелде әкелер бала тәрбиесіндегі әкенің ықпалы жайында пікір алысты, экраннан көрініс материалдарын пайдаланды. Отырған әкелердің ішінде «Ұстаз» кинофильмінде басты рөлді сомдаған «Бикен Римова» атындағы академиялық театрдың әртісі Айдымбаев Еркебұлан Нұрланұлы әкенің бала тәрбиесіндегі жақсы істерді үйретуі, күнделікті өмірдегі іс-қимылын біліп отыруы өте қажет екендігі туралы ой бөлісті.

Жетісу облысы Полиция Департаменті бастығының орынбасары Мадияр Тұрсынұлы Омаровтың өзі келе алмауы себепті, оқушының ағасы полиция майоры Сүлейменов Айдын Жұмағұлұлы белсенділік танытып өз ойын былай жеткізді:

*– Құрметті ұстаздар, қадірлі ата-аналар, ардақты оқушылар! Бүгін мен сіздердің алдарыңызда екі жауапты міндетті атқарып тұрмын. Бірі - әке, екіншісі - полиция қызметкері. Бұл екеуі екі бөлек емес. Керісінше бірі дұрыс жол көрсету, жақсы іске баулу болса, екіншісі - қамқор болу, қорғау, тура жол көрсету. Әке ретінде мен үшін ең үлкен жауапкершілік - балама адалдықты, тәртіпті, елге қызмет етуді үйрету. Бала әкенің сөзіне ғана емес ісіне қарап өседі. Сондықтан әр күніміз, әрбір іс-қимылымыздың бәрі тәрбие. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, адамдармен сөйлесу мәнері, салт-дәстүр, қарым-қатынас, іс-қимыл т.б. бәрі де отбасынан басталады. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп өскен бала болашақта жақсы азамат болып өседі.*

*Ал полиция қызметкері ретінде менің міндетім - қоғамдағы заң мен тәртіпті сақтау. Біз қызметте жүргенде ең алдымен балалардың қауіпсіздігін, елдің тыныштығын ойлаймыз. Себебі қауіпсіз қоғам - бақытты отбасының кепілі.*

*Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз - ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» - деген. Тәртіп - шектеу емес, ол - қорған. Заңды сыйлаған адам өз құқын да қорғай алады.*

*Әке ретінде айтарым - баланың бақыты әкенің берген тәрбиесінде.*

*Полиция қызметкері ретінде айтарым - қоғамның қауіпсіздігі әр азаматтың жауапкершілігінде. Егер әр отбасы өз баласына дұрыс тәрбие берсе, қоғамның болашағы да зор болады. Сөзімді қорытындылай келе, әке мықты болса - отбасы берік, тәртіп мықты болса - мемлекет берік.*

Одан әрі Мәжіліс залына барар жолдағы дәлізде **«Мен әкеммен мақтанамын»** атты сурет көрмесі қойылыпты. Әрбір әке суретінің қасында балалары тұрды. Әкесі жайында сұраса - мақтанышпен айтып жатты. Мәжіліс залының алдында сап түзеп тұрған әскери киімдегі жоғары сынып оқушыларының әрқайсысының алдында бастауыш сынып оқушылары тұрып **«Менің әкем»** атты тақырыпта әдеби-монтаж оқылды. Әскери киім киіп тұру, яғни, балаларға қамқор, қорған болу туралы ұғым көрініс бергендей болып тұрды.

Мәжіліс залында **«Менің әкем жақсы адам»** концерттік бағдарлама, **«Әкенің отбасындағы рөлі»** деген тақырыпта бірнеше көріністер көрсетілді. Кездесу соңында қорытынды жасалып, қонақтарға сөз берілді. Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесіндегі әдістеме бөлімінің меңгерушісі комиссия төрайымы Каримова Гүлнар Ақойқызы, сондай-ақ Сағатбекова Назипа Қапанқызы, Сейтқұлова Дәнегүл Рахымқызы сөйлеп



іс-шараға қорытынды жасай отырып, оң баға берілді. Соңынан батагөй Абеш ақсақал балаларға, жиналған қауымға арнап бата берді.

«...Көргенде күміс кесе
алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым
таяп...» -

деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, бүгінгі іс-шараны көріп тыңдай отырып мынадай



ойтүйін жасадым.

Әрине, іс-шара жақсы өтті. Бірақ қазіргі кезде әкелердің бейнесі дәл осы іс-шарадағыдай үнемі балаларға көңіл бөліп жата ма? Бұл әке туралы іс-шара кәдімгі әбден шөліркеген өсімдікке су құйғандай болды. Мұндай тәрбиелік маңызы бар кездесулер барлық оқу орындарында және басқа да балаларға тәрбие орындарында өткізу керек. Өткізіп қана қоймай іс жүзіне асыру қажет. Сондықтан Қ.Қасымов атындағы №28 орта мектеп өте керекті проблемалық тақырыпты көтеріп отыр.

Себебі қазіргі әкелер жалқау болып кетті. Кез келген әкеден баласы келіп «әке, біз светке ай сайын қанша ақша төлейміз?» - деп сұраса әкесі: «оны ана мамаңнан сұрашы» - деп жауаптан қашады. Себебі оны әке емес, анасы біледі. Сол сияқты газға, телефонға, интернетке бұл сұрақтың бәріне анасы жауап береді. Ата-аналар жиналысына әйелдер барады. Ауруханаға, екпе салдыруға баланы жетектеп ана жүреді.

Бара-бара әкелер балаға қатысты сұрақтардың ешқайсысына жауап бере алмайтын шығар... Сөйте-сөйте әкенің бала алдындағы беделі төмендеп, бала әкесінен шешесін білгір санайды, көбірек шешесіне жүгінеді. Одан басқа да толып жатқан әкенің бойындағы кемшіліктері әкесін түкке тұрғысыз етіп көрсетеді. Сонымен, әкенің бала алдында ешбір беделі қалмайды. Әрине, көпке топырақ шашудан аулақпыз.

Дегенмен де осындай шараларды жиі-жиі ұйымдастырып, әкелердің белсенділігін артыру - бүгінгі күннің өте қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Әке баласымен бірге жүріп тұрып, білгендерін айтып, баланы еңбекке баулуы өте қажет.

### СӨЗ СОҢЫНДА НЕМЕСЕ ӘКЕ ТӘРБИЕСІ ТУРАЛЫ

Қазақ ұлтында әкенің орны ерекше тұрады. Әкесі бар үй асқар таудай панасы бар болып елестейді. Асқар таудай әкең бар болса анаң да ұл-қызының ержетуіне алаңсыз болады. Әкенің білгірлігі, көрегендігі ер мінезі балаға әсер етпей қоймайды. Әкенің тәрбиесін көріп өскен бала мен әкесі жоқ, шешенің тәрбиесіндегі балалардың мінезінде де, істеген ісінде де айырмашылықтар байқалып тұрады. Қандай да үй шаруасындағы істелетін жұмыстарда әке көрген бала тиянақты етіп атқарса, шеше тәрбиесіндегі бала ер адамдар атқаратын жұмыстарға келгенде білместігі көп болады. Ұл бала түгілі әке тәрбиесін көріп өскен қыз балалардың өзі де ер мінезді болады. Ауылдық жерде болса атқа мініп мал қайыру, атты жүгендеп міну, балтамен отын жарып алу, шалғы шабу сияқты көптеген әкесінен көргендерін өмірде пайдалана алады. Әкесі техникада жүргізуші немесе шаруашылық техникасын жүргізіп керек жерін жөндеп алатын болса, тура сол әкесіндей баласы көргенін жасайды. Шеше тәрбиесінде өскен баланың мінезі ұяңдау, кейбір ер азаматтың істерін атқару кезінде өзіне деген сенімсіздігі байқалады. Сөйлеу стилінде де анасынан естіген, көргендері көрініс беріп қалады. Ал әке тәрбиесін көрген бала мінезі қаталдау болады. Мысалы Бауыржан Момышұлы 3 жасында анасынан ерте айырылып, әке тәрбиесінде өскендіктен мінезі де әкесіндей қатал талапшыл болып өскен. Сол сияқты Кеңес одағының батыры Қасым Қайсенов та анасынан 7 жасында айырылып бала кезінен әкесінің қатал да мейірімді тәрбиесін алған.

Яғни әкенің тәрбиесі балаға өте қажет. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Әкең асқар тау, шеше қойнауындағы бұлақ» - деп те айтады. Ұлға да, қызға да құрметті әкелер, уақытты өткізіп алмай жас кезінен тәрбиесіне мән беріп, жақсы тәлім беруге көңіл бөлейік.

**Сембек ӘБДІ-РАХМАН**

ҚОРШАҒАН ОРТА

# ОРМАНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ

**Демалыс күндері қала қарбаласынан шаршаған қала тұрғындары саяжайларға, орманға, су қоймаларына асығады. Көптен күткен жылу адамдарды табиғатқа шақырады, онда демалу әдетте дәстүрлі барбекю мен от жағатын әндерсіз аяқталмайды. Демалу кезінде орман алқаптарын өрттен сақтауға көмектесетін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелері туралы ұмытпаңыз. Бұл күндері өрт қаупі артып келеді.**




Ормандарға барған кезде от жағылады, оның салдары туралы ойланбастан, орманда от жағу кезінде отпен абайсызда жұмыс істеу, қоқыстарды, құрғақ шөптерді және құраған ағаштарды жағу көптеген өрттердің негізгі себебі болып табылады.

Орманға жанып тұрған сіріңкелер мен темекі тұқылдарын тастамаңыз, құрғақ шөптер мен сабандарды күйдірмеңіз, от жақпаңыз, орман аймағына ақаулы қуат және тұтану жүйелері бар машиналармен кірмеңіз - бұл орманның өртенуіне әкелуі мүмкін.

Орманда басталып жатқан өртті байқап, оны сумен толтыру, жер лақтыру, жалынды жапырақты ағаштардың бұтақтарымен немесе басқа құралдармен жабу арқылы дереу жою шараларын қолданыңыз.

Өрт туралы Орман шаруашылығы қызметкерлеріне, өрт сөндіру бөліміне (ТЖМ) шұғыл хабарлаңыз.

Орман - бұл негізгі ұлттық байлықтың бірі және әр азаматтың осы байлыққа ұқыпты қарауы міндетті.

Орманның өртенуіне жол бермеу үшін, өртті абайсыз пайдалану фактілеріне жол бермеуіңіз қажет.

Үнемі орманға дұрыс күтім жасаңыз және ол әрқашан сіз үшін тамаша демалыс орны болады!

**Талғат ИГЕМБАЕВ,**
**Қаратал орманшылығының орман күтушісі**

## Дүйсенбі - Понедельник, 16 наурыз

### ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!» 09.00 «Дәстүр»
09.30, 19.30 Т/х «Шырмалған тағдыр»
11.30 «Қоғам пікірі» саяси ток- шоуы
12.30 «Ойна»
13.30 «Көзқарас»
14.30 М/с «Царевна и дракон. Магическая книга»
15.00 Т/с «Как выйти замуж за миллионера»
19.00 Новости
21.30 Жаңалықтар
22.00 Т/х «Достық 13»

### ЕВРАЗИЯ

06.00«Паутинаға»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30«Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 « Аналитика»
11.45 «Аныктаймыз»
14.10 «Жаңалықтар»
14.20 « Новости»
18.30 Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
14.30 «Qoslike»
20.00 «Главные новости»
20.30 Т/с «Невский. Чужой среди чужих»
01.00 «Главные новости»
01.30 Т/с «Серафима прекрасная»
02.30 «Басты жаңалықтар»
03.00 «Koremiz-шоу»
03.45 «Паутина»

### КТК

07.05 «Өнім сен едің», ойын-сауық
07.35 «Өкінбе сен»
10.00 Т/с «Тот мужчи на, та женщина»
14.00 Т/с «Цвет страсти»
16.40 Т/с «Джамайка»
18.30 Т/с «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Без тебя
23.40 Т/с «Без тебя»
01.30 Т/с «Джамайка»
03.00 «Өкінбе сен»
05.00 «Өнім сен едің», ойын- сауық (қайталау)
06.10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.05 «Ұлт ұяты»
10.00 «Ұгэгэй melody»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.30 Д/ф «Travel Kazakhstan»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Д/ф «Travel Kazakhstan»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Апорт»
21.15 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын- сауық
07.00 «Күліп All» ойын-сауық
07.30, 01.30 «31 әзіл»
09.30 М/с «Губка Боб»
11.10 М/с «Пингвины Мадагаскара»
12.00 М/с «Кунг-фу Панда»
12.50 Х/ф«Шан- Хайские рыцари»
15.10 Х/ф«День независимости: возрождение»
17.30 Х/ф«Скорость»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Х/ф«Кикбоксер: возмездие»
22.50 Х/ф«ИП ман: последняя схватка»
00.50 «Бозторғай»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «TikTok show» ойын-сауық?»
03.20, 05.00 «What's up
04.20«1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина

### 7 КАНАЛ

06.02 «Әзілің жарасса»
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақ»
08.00 Т/х «Зың-зың күлпәш»
09.45, 16.45 Жетінші студия
10.00, 17.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 20.00 Т/с «Ветреный»
13.00 Х/ф«По семейным обстоятельствам»
15.30 Т/с «Императрица Ки»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Т/с «Черная любовь»
19.30 Новости
23.40 Т/х «Әмірші әйел»
01.00 Жаңалықтар
01.30 Новости
02.00 «Тазалық уақыты».
03.00Тек қана қыздар
03.30 Гүл-гүл шоу
04.20 Жарқыраған жұлдыз
05.00 Япырай
05.20 Өсекшілер

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

С 26.03.2026 г. в течение 10-ти рабочих дней на сайте ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «План ликвидации месторождения песчано-гравийной смеси «Надек», расположенного в Панфиловском районе области Жетісу».

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Карьер Пиджим Восточный», г. Жаркент, пр. Жибек жолы, здание 63/1, БИН 141040023376. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. 87078023407, e-mail: amer.marina555@gmail.com.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курмангалиев Р.А.», тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetysu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, г. Талдыкорган, ул. Кабанбай Батыра 26.

## Сейсенбі - Вторник, 17 наурыз

### ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Хақың бар»
09.30, 19.30 Т/х «Шырмалған тағдыр»
11.30, 22.00 Т/х «Достық 13»
12.30 «Ойна»
13.30 «Өзекті»
14.00 «Әлеумет»
14.20 Пульс планеты
14.30 М/с «Царевна и дракон. Магическая книга»
15.00 Т/с «Как выйти замуж за миллионера»
19.00 Новости
20.30 Концерт
21.30 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 Т/с «Счастливчик пашка»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Т/с «Невский. чужой среди чужих»
01.00 «Главные новости»
01.30 Т/с «Серафима прекрасная»
03.45 «Паутина»
02.30 «Басты жаңалықтар»
03.00 «Koremiz-шоу

### КТК

07.05 «Әнім сен едің», ойын-сауық
07.35 «Өкінбе сен»
09.30 Вечерние новости
10.10 Т/с «пальцы»
12.10 Т/с «без тебя»
14.10 Т/с «цвет страсти»
16.40 Т/с «джамайка»
18.30 Т/с «однажды в чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 Т/с «без тебя»
23.40 Т/с «Пальцы»
01.30 Т/с «Джамайка»
03.00 «Өкінбе сен»
04.40 «Әнім сен едің», ойын- сауық (қайталау)
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 К/ф «Соңғы кездесу»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Доступ есть?»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Доступ есть?»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Мәңгілік достық»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Өзгеремін»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын- сауық
06.50, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00.02.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.30 М/с «Губка Боб»
11.30 М/с «Пингвины Мадагаскара»
12.20 М/с «Кунг-фу Панда»
13.10 Х/ф«Кикбоксер: возмездие»
15.00 Х/ф«Послезавтра»
17.30 Х/ф«Скорость-2: контроль над круизом»
21.00 Х/ф«Команда «А»
23.30 Х/ф«Слепой меч»
01.00 «Бозторғай» Т/хсы
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «TikTok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын - сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина

### 7 КАНАЛ

06.02, 01.00 Жаңалықтар
06.30, 01.30 Новости
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Зың-зың күлпәш»
09.45, 16.45 Жетінші студия
10.00, 17.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 20.00 Т/с «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Х/ф«Все решают небеса»
15.30 Т/с «Императрица Ки»
18.00 Жаңалықтар
18.30 Т/с «Черная любовь»
19.30 Новости
23.40 Т/х «Әмірші әйел»
02.00 «Тазалық уақыты». Реалити-шоу
03.00 Т/х «Тек қана қыздар»
03.30 Жарқыраған жұлдыз
04.20 Жұлдызды шаңырақта
05.00 Япырай
05.30 Өсекшілер

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

26.03.2026 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде ndbecology.gov.kz сайтында «Жетісу облысы Панфилов ауданында орналасқан «Надек» құм-қиыршық тас қоспасы кен орнын жою жоспары» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Карьер Пиджим Восточный» ЖШС, Жаркент қаласы, Жібек жолы даңғылы, 63/1 ғимарат, БСН 141040023376. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар және электрондық мекенжай: тел. 87078023407, e-mail: amer.marina555@gmail.com.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Құрманғалиев Р.А.» ЖК тел.87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мекенжайына жолдауға болады, priroda@zhetysu.gov.kz. Тел. 8(7282)329267, Талдықорған қ., Қабанбай Батыр к-сі 26.

## Сәрсенбі - Среда, 18 наурыз

### ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Пеосана»
09.30 Т/х «Шырмалған тағдыр»
10.30 Кино. «Миллионға келіпсің»
12.00, 22.00 Т/х
13.00 Әсем әндер
13.30 «Өзекті»
14.00 «Неосеть»
14.20 Пульс планеты
14.30 М/с «Царевна и дракон. Магическая книга»
15.00 Т/с «Как выйти замуж за миллионера»
19.00 Новости
19.30 Кино. «Ауылбайский участковый»
21.30 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «доброе утро, Казахстан!»
10.00 «жить здорово!»
10.50 «модный приговор»
11.50 «давай поженимся!»
12.45 Т/с «Счастливчик пашка»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
14.30 «Qoslike»
20.00 «главные новости»
20.30 Т/с «невский. чужой среди чужих»
01.00 «главные новости»
01.30 Т/с «серафима прекрасная»
02.30 «басты жаңалықтар»
03.00 koremiz-шоу»
03.45 «п@утина»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.25 «Әнім сен едің», ойын- сауық
07.35 «Өкінбе сен»
09.30 Вечерние новости
10.10 Т/с «Пальцы»
12.10 Т/с «Без тебя»
14.10 Т/с «Цвет страсти»
16.40 Т/с «Джамайка»
18.30 Т/с «Однажды в чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 Т/с «без тебя»
23.40 Т/с «Пальцы»
01.30 Т/с «Джамайка»
03.00 «Өкінбе сен»
04.40 «Әнім сен едің», ойын- сауық (қайталау)
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.30 К/ф «Біздің апай - ханшайым»
11.05 «Әсем әуен»
11.40 Д/ф «Жайлы мектеп»
11.55 10-блок
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Әсем әуен»
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир
15.20 «Шашу» (Сенбі болғанын қайталау)
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Өзгеремін»
17.00 «Ұгэгэй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «Жайлы мектеп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолдау. 2025 жыл»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын»
06.50, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00.02.00 «31 әзіл» ойын- сауық
09.30 М/с «Губка Боб»
11.30 М/с «Пингвины Мадагаскара»
12.20 М/с «Кунг-фу Панда»
13.10 Х/ф«СкоростЬ»
15.40 Х/ф«Команда «а»
18.10 Х/ф«перевозчик»
21.00 Х/ф«Need for speed: жажда скорости»
23.40 «БОЗТОРҒАЙ» телехи-
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина

### 7 КАНАЛ

06.02, 00.50 Жаңалықтар
06.30, 01.20 Новости
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»
08.40 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
09.40 М/с
10.00, 17.00 Т/с «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 20.00 Т/с «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 Х/ф«Кузнец моего счастья»
15.40 Т/с «Императрица Ки»
18.00Жаңалықтар
18.30 Т/с «Черная любовь»
19.30 Новости
23.30 Т/х «Әмірші әйел»
01.50 «Тазалық уақыты»
02.50 Гүл-гүл шоу
03.20 Жарқыраған жұлдыз
04.10 Жұлдызды шаңырақта
04.50 Япырай
05.30 Өсекшілер

# «АМАЛ» МЕРЕКЕСІ ДЕГЕН НЕ? ОЛ НЕГЕ 14 НАУРЫЗДА ТОЙЛАНАДЫ?

**ҚАЗАҚТЫҢ ТЕРЕҢ ДӘСТҮРІН ҚАРАП ОТЫРСАҢЫЗ БӘРІНДЕ МАҒЫНА БАР. СОЛ СИЯҚТЫ, БАСҚАНЫ АЙТПАҒАНДА МЫНА ЖАҚЫНДАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖЫЛ БАСЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДА, ӘСІРЕСЕ, БАТЫС ҚАЗАҚСТАН, АҚТӨБЕ, АТЫРАУ, МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІНІҢ ҚАЗАҚТАРЫ 14 НАУРЫЗДАН БАСТАП АТАП ӨТЕТІН «АМАЛ» НЕМЕСЕ «КӨРІСУ» ДЕП АТАЛАТЫН КҮНДЕР ЕРТЕДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ДӘСТҮРЛІ САЛТТАР. ҚЫРДАҒЫ ЕЛ ОЙДАҒЫ ЕЛМЕН АРАЛАСЫП, КҮЛІМДЕСІП, КӨРІСІП, ҚҰШАҚТАСЫП, - ДЕП АБАЙ АТАМЫЗ ЖАЗҒАНДАЙ, КӨКТЕМ ЛЕБІ ЕСЕ БАСТАҒАН АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРДЕН-АҚ НАУРЫЗДЫҢ БЕТАШАРЫ СЕКІЛДІ БОЛЫП КЕЛЕТІН «КӨРІСУ-АМАЛ» МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ ДЕ ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ ЕРЕКШЕ ЕКЕНІН БАЙҚАУҒА БОЛАДЫ.**



Қазақстанның батыс облыстарындағы тұрғындар Наурыз мейрамын тойлауды 14 Наурыздан бастайды. Ол жақтағы жұрт бұл мерекені «Көрісу» немесе «Амал» мерекесі деп атайды. Таңертеңнен бастап уақыты барлар үйді-үйге кіріп, « жыл құтты болсын!» - деп қауышып, көрісіп, жаюлы мерекелік дастарханнан ауыз тиіп жатса, кеңседе отырғандар телефон арқылы сәлемдесіп жатады. Ол күні телефонға маза жоқ... Жаңа жылға аман-есен аяқ басқан жора-жолдас, туған-туысқандарын құттықтайды. Бір-біріне деген өкпе-реніштері болса, кешіріседі, амандық-саулық тілеседі. Бұл күні әр адам міндетті түрде үш үйдің есігін ашуы керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі тиіс. Бір ерекшелігі - «Көрісу» бір күнмен шектелетін мереке емес, ол наурыздың 14-інен басталып, айдың соңына дейін жалғаса береді. Есіме Ақтауда алғаш рет «көріскенім» түсіп отырғандықтан, айта кетейін.




Ақтауда алғашқы жылдары қоныстанған кезімізде ол уақыт Кеңес одағы жылдары болғандықтан, біздер үшін «Көрісу» күні түсініксіз болды. Ол жылдары «Көрісу» күні тұрмақ, біздің Жетісу өңірінде Наурыз мерекесі де тойланбайтын. 14 наурызда көрші апай таңсәріде,біз жұмысқа жиналып жатқанда келіп, «кел, көрісейік!» - дегенде мен «кім өлді?» - деп шошып кеттім. Мереке екенін білмегендіктен, біз жақта кісі өлгенде ғана көріседі деген түсінікте болғандықтан ғой. Ол кісі менің білмегенімді түсіндіріп, «Амал» мерекесінде былай көріседі – деп, үш рет қауышу керек екенін көрсетті. Кейін түсіндік «Көрісу» күнінің мағынасын, түсінген соң дұрыс екен деп қабылдадық сол күнді.



### «Көрісу» мерекесі неге 14 наурызда тойланады?

Бұл күннің осылайша белгіленуі астрологиялық та, астрономиялық та, жыл мезгілдерінің Ай мен Күн планеталарының қозғалысына байланысты екенін көрсетіп отыр. 14 наурыз - Көрісу күні. Неге десеңіз ,Наурыздың 13-нен 14-не қараған түнде Ай мен Амал жұлдызы бір сызықтың бойында теңеседі екен. Мұны халқымыз Ай мен Амалдың көрісуі - деп атаған. Осыдан келіп Амал мерекесі, Көрісу күні шыққан.

Жалпы белгілісі, біз «жыл» деп Жердің Күнді айналуын, «ай» деп Айдың Жерді айналуын, тәулік деп Жердің өз осьін айналуын айтамыз. Жердің Күнді айналуы - 365 тәулік 5 сағат 54 минут болса, Айдың Жерді айналуы - 29 тәулік 11 сағат 49 минут, ал, Жердің өз осьін айналуы - 23 сағат 56 минут 4 секунд. Бұдан біз ойлағандай жылдың дәл 365 күн, айдың дәл 30 күн, тәуліктің дәл 24 сағат емес екендігін ұғамыз. Біз бұл деректерді мектептегі «Астрономия пәнінен оқып білгеніміз есімізде шығар.

Біздің күнтізбелеріміз ғасырлар бойы өзгерістерге ұшырап отыруына байланысты, (Юлиан, Григориан күнтізбелері), мысалы біз 1918 жылы Ресей сияқты Григориян күнтізбесінде болдық . 1918 жылдың 24 қаңтарында «Батыс Европа күнтізбесінің Ресей мемлекетіне енгізілуі туралы» В.И. Ленин қол қойған декрет қабылданды. Бұл кезде «Юлий» және «Григорий» күнтізбелерінің арасындағы алшақтық 13 күнге жеткен еді .Декретте көрсетілгендей, 1918 жылдың 31 қаңтарынан кейінгі күн 1 ақпан емес, 14 ақпан болып есептелді. Соның әсерінен бұрын 1 наурызда Жаңа жыл - Ұлыс күнін тойлайтын қазақ елі 1918 жылдан бері қарай «Көрісу» мерекесін 14 наурызда тойлайтын болды.

### Неге «Амал» мерекесі деп аталған?

Шығыс елдерінің (шәмси) күнтізбесі бойынша, наурыздың басталуы хамал (амал) айының 1 жұлдызы болып есептеледі. Бұл қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурызға сәйкес келеді. Хамал - Тоқты шоқжұлдызының ескі парсыша атауы. Күн мен түн теңеліп, амал кірген сәтте Тоқты шоқжұлдызы туады.

«Көрісудің» екінші атауы «Амал» болуының сыры осында жатса керек. Ал «Көрісу» деп аталып кетуі осы «Амал» мерекесінде жасалатын басты салт - көптен көрмеген бір-біріне жақын адамдардың кездесіп, көрісуі, өкпе-ренішке байланысты бет көріспей жүрген кісілердің кешірісіп, жүздесуінен туған болса керек.

Шәкәрім қажының баласы Ахаттың естелігі: «Әкей (Шәкәрім деп түсініңіз – ред.) айтты: «Бүгін ескіше 1 март, қазақша жаңа жыл, ұлыстың ұлы күні дейді. Ал жаңа жылдың бұрынғы аты - Наурыз, бұл фарсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, құрбан, ораза айттарын ұлыс күні дегізіп жіберген. Ескі қазақша, ескі түрікше жаңа жыл күнінің аты - «ұлыс». Жаңа жыл басының ұлыс екеніне мынадай дәлел бар. «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» - деген, тіпті ескі мақал». Соған қарағанда күн мен түн теңелер Наурыз мерекесінде Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! – деп бекер айтылмапты

Мәжіліс депутаты ,ақын Қазыбек Исаның «Наурыз келді – басталды Амал күні!» өлеңінде құттықтау былай айтылады:

Маңғыстаудың көргенде маң даласын,
Кеңістікке керемет таңданасың.
Қашағанның жырындай қайран жүйрік
Қашағанын уақыттың аңғарасың...
Дархандығы әйгілі даламда ұлы,
Наурыз келді – басталды Амал күні!
Аман-есен бәріміз көрісейік,
Ең бастысы – елімнің амандығы!
Ашық бүгін халықтың қас-қабағы,
Жазылады жазира дастаны әлі.
Көктеміміз басталса Оңтүстіктен,
Ал Жаңа жыл Батыстан басталады!
Маңғыстауда бәрі шын, бәрі де аңыз,
Даласындай елінің жаны нағыз.
Отпан таудың басында от жанғанда,
Осы жерден бәріміз табыламыз!

Тарихшы Жамбыл Артықбаев «Көрісу мерекесі еліміздің батыс өлкелерінде жақсы сақталған себебі – батыста қазақтардың үлес салмағы басқа ұлттарға қарағанда көбірек болды. Кеңес заманында да, патшалық заманда да. Әсіресе мынау шөлейт жерлерге орыс отарлаушылары бара қойған жоқ. Сондықтан батыс өлкеде, қазақтың байырғы дәстүрлердің бірсыпырасы сақталған. Әйтпесе, көрісу – исі қазаққа ортақ мейрам – дейді Ел.кз. сайтында. Мүмкін бұл сараптау да орынды болар. Маңғыстау, Атырау облыстарында тегіс, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының кей бөлігінде аталып өтілетін бұл мерекені көршілес Ресейдің Астрахан, Саратов, Орынбор өлкесіндегі қазақтар да, Қарақалпақстанның қазақтар көп қоныстанған өңірлері де тойлайды.

*/дереккөз: /kaz.inform.kz/news/*
**Баян ТАҢАТАРОВА**

## АМАЛ

Амал күні қазағым көріседі,
Көрісу, бұл – көненің желісі еді.
«Жасың құтты болсын!» деп жамырасып,
Ақ ниетпен адал қол береседі.

Көріседі – «Көңілдер жібісін» деп,
Көріседі – «Тасысын ырысың!» деп.
Көріседі – «Көк мұз да жылысын» деп,
Көріседі – «Оң болсын Ұлысың!» деп.

Көріседі – қайғы-мұң кетіруге,
Көріседі – қайтадан жетілуге.
Алты ай қыстан арыған жанын демеп,
Көріседі – бел буып, бекінуге.

Ағайынды араздық іритеді,
Ауызбірлік, ынтымақ-үгіт – емі.
Ескі жылда қатқан мұз, қалған сызды
Көріскен күн көңілмен жібітеді.

Бұзуға бұл дәстүрді еш бата алмайды,
Тірі пенде тып-тыныш жата алмайды.
«Ырыс алды – ынтымақ, бірлік қой» деп,
Абыз шалдар алыстан мақалдайды.

Қаймана елді қаратқан ауызына
Қарттарыма қарсы тіл қата алмайды.
Құшақтасып көрісіп қуанышпен,
Ауыл-үйдің арасын сапарлайды.

Ешкім бұл күн ежелгі ерегесін,
Ескі кегін қоздырып, ақы алмайды.
Өткен жылдың өкпесін, өкінішін
Жаңа жылға арқалап апармайды.

Татыр төбе бөленіп таңмен нұрға,
Бас бостандық берілер заңмен құлға.
Он төртінде наурыздың от жағылып,
Ошақ басы толады ән мен жырға.

Алақайлап жан-жаққа жаршы бармақ,
Алты ай қыстың азабын аршып алмақ.
Алтыбақан құрылып, айнала жас,
Алты қырдан асады ән шығандап.

«Қарау ой мен қас пиғыл құриды» деп,
«Арамзалар аспанға ұлиды» деп;
Айтушы еді шалдарым: «Амал күні
Самарқанның көк тасы жібиді» деп.

Кеңпейілдер кекшілді жаратпайтын,
Киелі үйге кесірді жолатпайтын.
Осы күні ормандай қалың елдің
Отауына бақыт кеп қонақтайтын.

Ала таңнан міндет қып азанды Алла,
Отанына бақ тілер озалдан да.
Уақыттың теңелгенін білдіретін
«Ұзынсары» салынып қазандарға.

Қырым-дала бас иген, Ұрым-қала,
Қызың – дара болғанда, ұлың – дана.
«Құсқанаты» жауғанда құба белге,
Құлдырандап шабатын құлын-бала.

Кәрі құда күркілдеп жөтеледі,
Қолдан келсе, қопарып кетер еді.
Ақша қары наурыздың жауғаннан соң,
Айдаһар-қыс көрпесін көтереді.

Есті тентек ақылы тез кіреді,
Екі дүние астасқан мезгіл еді.
Қар астынан қылтиып бәйшешек-гүл,
Қасиетін көктемнің сездіреді.

Сергек бала сең-қарды сере бұзып,
Деміл-деміл жүгірер дене қызып...
...Көрісейік ендеше, ей, адамдар,
Көңіл шіркін сілкінсін көбе бұзып.

Ел жайлаған иесіз қап Еділ бойы,
Тұнып жүрек түбінде шегінді-ойы;
Алла содан сақтасын –
Адамдар бар
Көріспестен кететін өмір бойы.

Суынуға келгем жоқ сұм дүниеге,
Бұл ғаламға адамзат бір күн ие ме?!
Бірін-бірі көрместен, көріспестен
Кетіп жатыр қанша адам бұл дүниеде!

**Рахат Қосбармақ**
**Ақын. Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі**

# ТАРИХТЫҢ ТАУСЫЛМАЙТЫН

***Тарихтың таусылмайтын***
***тереңінде***
***Құлтай ата біз сізді көреміз де.***
***17 кітап қалдырып болашаққа***
***Жетіпсіз мақсатына, дегеніңе.***

**Құлтай Нұрқалбайұлы 1943 жылы 15 наурызда Киров (Көксу) ауданы Қаражырық (Жеңіс) колхозында туған. Әкесі - Тоқымбайұлы Нұрқалбай, анасы - Уазипа Қалиқызы колхозшы болған.**

Құлтай Нұрқалбайұлы 1950 жылы Көксу теміржол бекетіндегі орыс мектебіне барып, 1958 жылы жеті сыныпты бітіріп, Лепсинск кітапхана техникумына түседі. 1961-1967 жылдары Бызы теміржол бекетіндегі кітапхана, әрі клуб меңгерушісі қызметін атқарды. 1967-1970 жылдары Қаратал ауданының мәдениет бөлімінің аға инспекторы болып қызмет істеген. Құлтай ақсақал қызметті жасай жүріп, өндірістен қол үзбей С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеттің тарих факультетін оқып бітіріп тарихшы мамандығы бойынша диплом алады. Сол сияқты Қарағанды кооперативтік институтының сауда бөлімін, екі жылдық Марксизм-Ленинизм университетін, Ленинградтағы 6 айлық жоғары басшы кадрлар дайындайтын курсын бітіреді. 1970-1978 жылдары Талдықорған қаласы №174 орта құрылыс кәсіптік-техникалық құрылыс училищесінде тарих, қоғамтану пәндерінен ұстаз, директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары, директор болып қызмет атқарған. 1978-1999 жылдары Талдықорған облыстық тұтынушылар басқармасының кадр бөліміндегі аға инспектор, ұйымдастыру – кооперативтік бөлімінің бастығы болып зейнетке шықты.

**ОТБАСЫ ЖАҒДАЙЫ**

Әйелі Нұрқалбаева (Жансеңгірова)



*Нағима апайдың 20 жастағы суреті*

Нағима Жабайқызы (1946-2021) Кітапханашы мамандығын меңгерген. Талдықорған қаласындағы жасөспірімдер, облыстық С.Сейфуллин атындағы орталық кітапхана мен В.Маяковский атындағы қалалық орталық кітапханаларында кітапхана директоры болып қызмет атқарған. ҚР Мәдениет қайраткері. Одан да басқа көптеген марапаттары бар. Талдықорған қаласындағы В.Маяковский атындағы «Орталықтандырылған кітапхана



*Құлтай ақсақал*

жүйесін» басқарған кезеңде қалалық әкімшілікпен бірге жүріп Еңбек, Өтенай ауылдарында, Талдықорған қаласының екінші шағын ауданында кітапхана филиалдарын ашты. Нағима Жабайқызының шәкірттері облыстық, аудандық кітапхана директорлары, меңгерушілері. Атап айтсақ сол шәкірттерінің бірі С.Сейфуллин атындағы облыстық әмбебап кітапханасының директоры М.Нұрғалиева, Талдықорған қаласының «Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің» директоры Ф.Хайбуллина және К.Сейтжанова, Ескелді аудандық кітапхана директоры Г.Мұқанова және т.б.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де 2006-2014 жылдар аралығында Талдықорған экономика және жол колледжінің кітапханасының директоры болып қызмет жасаған. Кітапхана саласында барлығы 46 жыл үздіксіз еңбек етіп оның 33 жылын директорлық қызметті абыроймен атқарды.

Ұлы Нұрқалбаев Берік – медицина саласының қызметкері. Алматы қаласында тұрады.

Қызы Нұрқалбаева Ардақ – кооператор, қаржыгер. Талдықорған қаласында.

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫНЫНДА**

2015 жылдан шыққан Жалайыр тарихынан атты сериямен 13 кітап, оның ішінде «Қадырғали би Жалайыр – қазақтың тұңғыш тарихшысы» туралы 8 кітап, баспа беттерінде жарық көрген 50-ге жуық ғылыми-тарихи тағылымды мақалалардың авторы.

Негізінен Жалайыр тайпасының тарихын терең зерттеген. Иран, Ирак және Әзірбайжан жерінде 100 жылға жуық дамып билік құрған Жалайыр мемлекетінің 1336-1432 жылдар аралығындағы тарихын зерттеу барысында көп еңбектеніп тер төккен.

Қазақ тарихының көшбасшысы Қадырғали би Жалайыр туралы Құлтай Нұрқалбайұлы 9 ғылыми-тарихи тағылымды кітап жазып шығарды. «Қадырғали би Жалайыр қазақ тарихының Геродоты» деп атап 500 беттен тұратын ғұмырнама кітап жазды. XVI ғасырда өмір сүрген Қадырғали Жалайыриды б.з.д. V – ғасырда өмір сүрген грек ғалымы тарих атасы аталған Геродотқа теңейді. Осымен тоқтап қалмай Құлтай ақсақалдың «Қазақ тарихының көшбасшысы» (532 бет) атты мақалалар жинағын Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы ҚР Жоғарғы және Білім Министрлігі Ұлттық Ғылыми кітапханасы «Ұлы тұлғалар» сериясымен тегін шығарып берген. Жалайыр баба туралы екінші кітап «Қазақ тарихының атасы» (560 бет) туралы кітап облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен шыққан. Қалған кітаптардың бәрін өз қаржысымен шығарған.

Құлтай ақсақал 9-кітапты энциклопедия етіп шығармақ болған екен, оған шамасы (қаражаты) жетпеген. Сондықтан бұл Қадырғали Жалайыри туралы кітапты анықтамалық етіп шығарған.

Төртінші кітабы Жалайыр – Ұлы жүздің «Ноқта ағасы» тарақ таңбалы 13 ата Жалайыр руының тарихын терең зерттеп, ел аралап жүріп шежіресін сұрап, жер атауларын анықтау жолында талмай тиянақты еңбек етіп келеді десек артық айтқандық емес.

Құлтай тарихшының негізгі мақсаты - Жалайыр тайпасының елдің аузында жүрген мәліметтерді, баспада жарық көргендерін қай уақытта, қай баспада, кім жазды бәрін жинақтап, Жалайыр руынан шыққан көрнекті тұлғаларды зерттеп, зерделеп жүйе-жүйесімен қағаз бетіне түсіріп кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдыру.

Құлтай ата үйінде 10 мыңнан астам жинаған кітап қорын көрдік. Үлкен бір бөлмеге әрең сыйып тұр. Барлық сөрелер жүйе-жүйесімен орналастырылған әр сөреге каталог жасалған. Әрбір оқыған кітаптарындағы керек жерлерінің бәрін жеке дәптерлерге зерттеп, зерделеп, қай бөлімде қай бетте екені анық көрсетіліп отырған. Өте жоғары ұқыптылықпен саралау жүргізген. Мәселен шежіре кітаптар туралы айтсақ, Ұлы Жүз тайпалары оның таралуы, одан шыққан танымал тұлғалар, тұрақты орны туралы. Сол сияқты орта жүз, кіші жүз бәрі мүмкіндігінше жүйеленген.

Алматы облысы бойынша, Талдықорған облысы бойынша болған облыстың бірінші басшысы, исполком басшысының аты жөні, қашан келді қашан ауысты және 1968 жылдан бергі яғни Талдықорған облысы болғаннан бергі әйел басшылардың толық мәліметі бар. 1968 жылдан бастап облыста шыққан барлық баспалардың 1 нөмірі қалың бір папка болып жинақталған.

Құлтай Нұрқалбайұлының өмірбаянында сәл-пәл анықтауды қажет ететін тұстарын білгіміз келді.

**– Құлтай ата, педагогика саласында қызмет етіп, не себепті облыстық тұтыну корпорациясына ауыстыңыз?**

*– 1977 жылы №174 Талдықорған қалалық техникалық орта білім училищесінің директоры қызметін атқарып жүрген кезімде орыс студенттері мен қазақ студенттері арасында туындаған ерегестен төбелес болған. Анық-қанығына жетіп тексергенімізде, төбелестің шығуына орыс студент балалары кінәлі болып шықты. Істің турасына жүгініп, орыс балаларын кіналап, қазақ балаларының сөзін сөйлеген едім. Бұл әңгіме Талдықорған облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің бастығы шовинист Олег Поповтың құлағына жетіп, ол мені «ұлтшыл» деп, «За проявление национализма и антипедагогических действий» - деген кінә тағып, мені коммунистік партия қатарынан шығарды, педагогика саласында қызмет етуден аластатты. Соңыма КНБ қызметкерлерін салып, прокуратура арқылы тергеу жүргізіп, мені соттатпақ болды. Нақты дәлел таба алмай 2 жыл соңыма түсіп әуреге салды. Менің осындай құдалауға түсіп жүргенімді естіген болуы керек, Социалистік Еңбек ері Әбдіқадыр Дайыров барлық жағдайыммен танысып, маған ара түсіп, оңбаған шовинист Поповтың тырнағынан ажыратып алды. Содан кейін Талдықорған облыстық тұтынушылар одағына жұмысқа тұрдым. Осындай себептермен педагогика саласынан қол үздім, турасын айтқанда - қол үздірді.*

**– Үйіңіздегі кітаптарды көріп қатты қызықтым. 10 мыңнан астам кітап жүйелеп жинапсыз. Кітапқа деген осыншама құлшыныс қалай, қайдан туындады?**




*Жалайыр Сыпатай батыр*

*– Менің өмірбаяныммен таныс болған шығарсың, алғашқы мамандығым кітапханашылық. Сондықтан кітаптарды қалай жүйелеуді жақсы білемін. Кітап оқуға деген құлшыныс менің бала кезімнен, мектеп қабырғасынан басталған еді. В.Маяковскийдің, Лермонтов, Пушкиндердің өлеңдерін жатқа айтатынмын. Кейінірек КАЗГУ-дің тарих факультетін бітіргеннен соң тарихпен айналысып, тарихи кітаптар қажеттіліктен жиналды. Әрбір жалақымды алған сайын*

# ТЕРЕҢІНДЕ...

*кітап сатып алатынмын. Басында мақалаларымды орыс тілінде жазатын едім. 1967 жылы С. М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқып жүріп «Жизнь, революционная деятельность Токаша Бокина» деген тақырыпта диплом жұмысын жазып, оны ойдағыдай қорғадым. Диплом жұмысымның жетекшісі, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы, ғалым, жазушы, драматург Мұсатай Ақынжанов болатын. Көрнекті ғалым Кеңес өкіметі кезінде Мұқаметжан Тынышпаевтан кейінгі 1957 жылы «Қазақтың тегі туралы» 163 беттен тұратын алғашқы ерте заманнан басталатын қазақ шежіресінің ғылыми тарихын жазып шығарған тарихшы еді. Бір күні тарихшы ғалым-ұстаз Мұсатай Ақынжанов үйіне шақырды. Мекен-жайы Абай даңғылы мен Мир көшесінің қиылысындағы «элитный» үйдің 4 этажында тұрады екен. Ол менің диплом жұмысымды қарап, қосымша тапсырмалар бере отырып, әңгіме арасында қай жердің тумасысың, қай рудан боласың деп сұрай отырып, жазуға бейім екенімді айтты да, орысшанды жоғалтып алатындай шүлдірлей бердің ғой. Бұдан былай қазақша газет-журналдарды көп оқы, қазақша жазып үйрен. Қазақтың тарихын қазақша оқысаң ғана терең білетін боласың деді. Содан маған ойлы көзбен қарап отырып: «Сенің ата-бабаларың Жалайыр көрінеді. Бұл қазақтың беделді, тарихы мол, белгілі үлкен тайпалы руы. Олардың тарихында құнды деректер, мұрағаттар да көп. Мұрағаттар таптырмас деректерге толы. Соларды жиыстырып зерттейтін ғалымдар да жоқтың қасы. Ғылыми зерттеумен шұғылданатын жастар болса ғой шіркін, - деп, маған бұған қалай қарайсың?» - дегендей сынай танытты. Осыдан кейін ғылыми жетекшімнің ақылы ойға оралып, 1970 жылдардан бастап орысша, қазақша Жалайыр тарихына, шежіресіне, тарихи тұлғаларына байланысты ғылыми, тарихи-танымдық көркем әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде жарық көрген мақалаларды жиыстырып, жіктей оқып бір жүйеге келтіру мақсатында іске батыл кірістім. Ізденіс барысында қазақша да орысша да материалдарды оқып, мақалаларды тек қана қазақ тілінде жаздым. Жинаған кітаптарымның 30 пайыздан астамы қазақ тіліндегі кітаптар.*

*Көп жылдар бойы жинаған деректерімді республикалық, облыстық, қалалық газет-журналдарға жазып тұруды әдетке айналдырдым. Сонымен өз халқының тарихын оқып бағалайтын, өз ру-тайпаларын дәріптей білетін жас ұрпақтар үшін 17 кітаптан тұратын «Жалайыр тарихынан» атты топтама (серия) кітаптарды дайындап шығардым.*

Құлтай ақсақал өте ұқыпты, алғыр, қабілетті адам. Мектепті және екі жоғары оқу орнын орысша оқып бітіре отырып, кітаптарының барлығын тек қана қазақ тілінде жазады.

Ақсақалдың кітапқа деген құлшынысын естіп, көріп еріксіз бір өлеңім еске түсіп, содан үзінді жазуды жөн санадым:

Оқысам кітап қаламын қуаттана,
Ой-санам көкке өрлейді қанаттана.
Рухани нәр алар - суатым да,
Ақылшым - жол сілтейтін кітап қана.

Жарық берген маңайға шырақ дара,
Ойыңа ой жалғайды сыр ақтара.
Кітап жолдас адал дос серігім де,
Шежіре боп шертілер күй ақтара...

**– Құлтай аға, өткен қоғам мен қазіргі қоғамда қандай өзгешеліктер бар?**

*– Өткен қоғамда өмірге келдік, оқыдық, ержеттік, отбасылы болдым, балаларым өмірге келді. Барлық жастығым,қызықты күндерім, еңбек еткен жылдарым өткен қоғамда болды. Білім алу, ем алу тегін болды. Қуаныштарым да ренішім де болды. Бір ғана Олег Попов үшін барлық қоғамға тас лақтырып жамандай алмаймын. Бір артықшылығы бай, кедей деп бөліну болған жоқ. Екіншіден жемқорлық болған жоқ. Дегенмен де сол қоғамды қайта аңсамаймын. Өткен уақыт өтті. Өткен қайтып келмейді.*

*Қазіргі қоғамда егеменді, демократиялық Қазақстан Республикасы болдық. Егемендігімізді анықтайтын Елтаңбамыз, Әнұран мен Туымыз бар. Мемлекеттік шекарамыз анық. Әлемге Қазақстан Республикасы деп танылдық, бұның бәрі әрине қуантарлық жай. 1960-1970 жылдармен салыстырсақ халықтың жағдайы көп жақсы. Халықтың көбісі жоғары білімді. Киімдері бүтін,қарны тоқ. Әрбір отбасында жеке жеңіл көліктері бар. Кейбір жолын тапқан адамдардың бір басында бірнеше квартирасы бар. Жеке бизнесі бар. Есесіне білім алу, ем алу бәрі ақылы. Жемқорлық деген лаулаған оттай өрлеп кетті. Бақылау аз. Дегенмен түзетуге мүмкіндік бар.*



***Құлтай ақсақалдың үйіндегі жеке кітапханасы***

**– Құлтай Нұрқалбайұлы, сіз тарихшы, өлкетанушы ретінде осы газеттің 6-санында жаңа Ата заң туралы төмендегідей пікіріңізді білдірдіңіз.**

*– «Ата заңның жобасымен танысып шықтым. Салиқалы жерлері бар, келісемін.*

*Ата заңның 84 пайызы жаңармақ яғни 77 бапқа түзетулер енгізілмек. Қос азаматтыққа жол берілмейді,егер басқа ел азаматтығын алсаң Қазақстан азаматтығынан шығарыласың деген бап өте дұрыс. Дегенмен мен келіспейтін жерлерді атап айтайын.*

*Біріншіден, тіл туралы 9-бапта «Орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» дейді де мемлекет біртұтас Қазақстан халқының тілдерін үйрену әрі дамыту үшін жағдай жасауға қолдау көрсетеді - дейді. 9- баптың екінші тармағы бұрынғы Ата Заңнан өзгеріссіз қалғаны қазақ тілінің жанашыры ретінде маған қатты батты. Қазақ тілінен орыс тілі қалыспай қолданылса қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуынан не пайда?*

*Екіншіден, қазақ тілін бұлайша қорламас болар. Сыртқы саясатқа байланысты ма сонда, орыс тілінің қатар жүруі? Бұл үлкен қателік меніңше.*

*Үшіншіден, жоғарыдағы пікірлерімнің жалғасы ретінде ұсынысым - мемлекеттік тілді білмейтіндер мемлекеттік қызметке қабылданбасын.*



***Космонавт А. Айымбетовпен бірге***

*Төртіншіден, телеарналар мен радиолардан берілетін хабарлардың 70 пайызы мемлекеттік тілде жүргізілгені жөн.*

*Бесіншіден, қазақ ұлты көп жиналған жиналыстарда және басқа ортада іс-шаралар қазақ тілінде жүргізілуін талап етемін.»*

**– Бұл жерде сіз мектепте, жоғары оқу орындарында да орыс тілінде білім алдыңыз, сөйте тұра, қазақ тілінің жанашыры болып жүрсіз...**

*– Неге десеңіз, басқа орыс тілді қазақтар мен сияқты ана тілін меңгеріп, ана тілінің жанашыры болса, Ата Заңның 9 бабының 2-тармағы дау дамайсыз алынып тасталар еді.*

**– Референдум өтуге санаулы күндер қалды. Осы пікіріңізде әлі тұрсыз ба?**

*– Мен бұл пікірімді ойланбастан айта салғам жоқ. Айтылған сөз атылған оқпен тең. Мен ол пікірімнен айнымаймын. Бір құптарлық жағдай осы жаңа ата заң қабылдау үшін заң жобасы халықтық талқылауға берілді. Халықтың пікірінің барлығы түгелдей қабылданбаса да көптеген ой-пікірлерді айтуға мүмкіндік берілді. Оның өзі сәл де болса алдыға қадам жасағандық емес пе?*

**– Мынау төрде ілулі тұрған суретте сіз Талдықорған өңірінің тумасы Қазақстан халық қаһарманы, авиация генерал-майоры Айдын Ақанұлы Айымбетовпен суретке түсіпсіз. Оны бұрыннан танып білесіз бе?**

*– Айдын Айымбетов менің аталас туысым. Ол тәуелсіз Қазақстан туы астында ұшқан тұңғыш ғарышкер. Туған жері Қазіргі Жетісу облысы Талдықорған қаласының іргесіндегі Өтенай (Заря коммунизма) ауылында дүниеге келді.*

## ҚҰЛТАЙ ТАРИХШЫНЫҢ МАРАПАТТАРЫ

В.И.Лениннің туғанына 100,150 жыл толуына арналған медаль, Ұлы Отан Соғысының жеңісіне 75 жыл мерейтойлық медаль, Мұсабек Сеңгірбаев медалі, Еңбек ардагері медалі, СССР Мәдениет министрі Е.Фурцеваның қолы қойылған «За отличную работу» -деген медалі, «Отличник потребкооперации СССР» және «Отличник потребкооперации Каз ССР» төс белгісімен, IX, X, XI СССР бесжылдықтарының екпіндісі төс белгі және 50-ге жуық мақтау грамоталарымен марапатталған.

50 жылдан астам өмірін тарих қойнауын аршуға арнап, өте маңызды материалдарды іздеп тауып, оқырмандарға ұсынған тарихшы, өлкетанушы Құлтай Нұрқалбайұлы жақында 15 наурызда, Жаңа Ата Заң қабылданатын референдум өтетін күнмен сәйкес келетін күні 83 жасқа толады. Құлтай ақсақалдың қоржынында әлі 2 томдық «Жалайыр» ғылыми-этнографиялық зерттеу еңбегі мен «Жетісудың ел басқарған арулары» атты кітабы баспаға дайын тұр. «Жетісудың жайсаңдары», «Жалайыр хандығы (1335-1435)», «Жетісу саңлақтары» атты кітаптары дайындалып зерттелуде. Құлтай ақсақалға Алла қуат берсе, бұл кітаптар да жарық көретін болар. Құлтай Нұрқалбайұлының 15 кітабі С.Сейфуллин атындағы облыстық орталық кітапханаға және Көксу аудандық кітапханаға сыйға тартылды. Алматыдағы Республикалық және ҚР Ғылым Академиясының кітапханаларында да ол кісінің кітаптары пайдаға асып жатқанына күмәніміз жоқ. Осыншама ғылыми еңбектердің иесі Құлтай Нұрқалбайұлының көзінің тірісінде әкімет тарапынан жоғары деңгейде еңбегіне лайық құрмет көрсетілсе үлкен бір тағылымды іс болар еді.

Үңіле қарап тарихтың тереңіне,
Мақсат қойып жетіпсіз дегеніңе.
Жалайыр ру-тайпасын толық зерттеп,
Жазыпсыз 17 кітап көлемінде.

Тура жолдан таймапсыз айнымапсыз,
Ашық аспан түндегі айдан ақсыз.
Қазақ рухын көтеріп биік ұстап,
Тарихқа енгізем деп ойға алыпсыз.

Әлі талай жаңады еңбегіңіз,
Іске асады теріп жинап бергеніңіз.
Кейінгі ұрпақ соңыңнан ілеседі,
Бағдар қылып алдағы көрген ізін - деп ақсақалға жоғарыдағы жыр шумақтарын тарту еттім.

Құлтай ақсақал өзінің тарихшы-ғалым ұстазы Мұсатай Ақынжановтың үміті мен сенімін ақтапты. Енді кейінгі жас буыннан Құлтай Нұрқалбайұлындай жігерлі жас табылар ма екен? Егер табылса, Құлтай атаның ізін жалғастыра ма?

Сөз соңында айтарым Құлтай аға келе жатқан 15 наурыз туған күніңіз құтты болсын! Жасыңыз 83-ке келсе де жігерлісіз, сізді алда күтіп тұрған бірталай жұмыстарыңыз бар. Соның бәрін атқарады деп сенеміз.

Сондықтан шаршамаңыз, қажымаңыз,
Таусылмасын жинаған қазынаңыз.
Қашан да сізге көмек керек болса,
Әрқашан жаныңыздан табыламыз!

**Сембек ӘБДІ-РАХМАН**

alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
№ 10 (1273) 13.03.2026 Алатау

# ЖЫР МЕН ГҮЛ ӨРІЛГЕН РУХАНИ КЕШ

**С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАДА КӨКТЕМНІҢ ШЫРАЙЛЫ МЕРЕКЕСІ – 8 НАУРЫЗ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ЕРЕКШЕ ӘДЕБИ-МӘДЕНИ КЕШ ӨТТІ. ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫМЕН БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ЖЫР МЕН ГҮЛ» АТТЫ ПОЭЗИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУ ӘДЕБИЕТСҮЙЕР ҚАУЫМНЫҢ БАСЫН ҚОСЫП, НӘЗІКТІК ПЕН ІЗГІЛІКТІ ЖЫРМЕН ӨРГЕН ӘСЕРЛІ КЕШКЕ АЙНАЛДЫ.**



Көктемнің алғашқы күндерімен қатар келетін аналар мерекесі – мейірім мен махаббаттың, құрмет пен ризашылықтың символы. Осыған орай ұйымдастырылған рухани шарада поэзия мен ән, жылы лебіз бен әдеби ой тоғысып, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады.

Кеш аясында кітапхана қорынан «Ана – мәңгілік шырақ» атты мазмұнды кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге ана тақырыбын арқау еткен қазақ және әлем әдебиетінің таңдаулы шығармалары, ақын-жазушылардың жүрекжарды өлеңдері мен прозалық туындылары қойылды. Кітап парақтарында бейнеленген ананың мейірімі, өмірдің мәні мен адамгершілік құндылықтары оқырманға терең ой салып, әдебиеттің тәрбиелік маңызын айқын көрсетті. Көрмемен танысқан көпшілік ана бейнесін асқақтатқан туындылар арқылы ұлттық рух пен рухани мұраның қадірін тағы бір мәрте сезінді.



Поэзиялық кештің модераторы әдебиеттің адам өміріндегі орнын ерекше атап өтіп, сөз өнерінің адам жанына сәуле түсіретін құдіретін тілге тиек етті. Әсіресе қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Төлеген Айбергеновтің ана тақырыбындағы әсерлі жыр жолдарын оқып, жиынның мазмұнын тереңдете түсті. Ақынның жүректен шыққан өлеңдері залдағы көрерменге ерекше әсер қалдырды.

Мерекелік басқосуға Жетісу өңірінің танымал қаламгерлері мен ақындары қатысып, әдебиет пен өнердің мерейін үстем етті. Олардың қатарында жазушы-драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Лидия Егембердиева, жазушы Нұрилә Бектемірова, балалар ақыны Жұмабала Балақаранова, ақындар Гүлнар Демеуова, Роза Жылқайдарова, Гүлбақыт Қасен, Ақбөпе Жиенқұлова, Торғын Тұрлыбаева, Зылиха Әуезова, Зирагүл Нұрданбек, жас ақын Лида Жанбота, Қарагөз Сейітжанқызы және журналист-жазушы Айнаш Қасенова сынды қалам иелері бар.

Әдеби кеш барысында ақындар аналарға, әйел затына арналған жүрекжарды өлеңдерін оқып, бір-біріне арнау жырларын жолдады. «Сұлулыққа сұлу сөз» атты поэзиялық бөлімде нәзіктік пен мейірімділікке толы жырлар оқылып, көрермендердің көңілін тебірентті. Ақындардың әр шумағы анаға деген құрметті, әйел затының қоғамдағы орны мен қадірін айшықтай түсті. Сонымен қатар, ақын-жазушы арулардың ер азаматтарына арнап шығарған өлең жолдары да оқылды.

Кештің көркін өнерлі әншілердің әсем әуендері де айрықша әрледі. Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының әншісі Альмира Мусапирова аналарға арналған әсерлі «Ана» әнін орындап, тыңдарман жүрегіне жылулық сыйлады. Сонымен қатар мәдениет саласының үздігі Гүлбану Лахаева "Гүл сыйлашы" әнін шырқап, мерекелік кештің шырайын кіргізді. Әсем ән мен әсерлі жыр үйлескен сәттер көрерменге ұмытылмас әсер қалдырды.



Шара барысында қазақ әдебиетіне сүбелі үлес қосып жүрген көрнекті жазушы, драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Лидия Егембердиеваға ерекше құрмет көрсетілді. Биыл мерейлі 75 жасқа толған қаламгерді әріптестері мен өнерсүйер қауым жылы лебіздерін білдіріп, шығармашылық табыс тіледі. Оның әдебиеттегі еңбегі мен ұлттық мәдениетке қосқан үлесі зор екенін атап өтіп, құрмет көрсетті.

Жалпы алғанда, «Жыр мен гүл» атты поэзиялық кеш – көктемнің шуақты мерекесімен үндескен тағылымды рухани басқосу болды. Әдебиет пен өнерді тоғыстырған бұл кеш жиналған қауымға ерекше әсер сыйлап, анаға деген құрмет пен ізгілікті насихаттай түсті. Жыр мен әнге толы бұл мерекелік кеш поэзияның құдіретін тағы бір мәрте дәлелдеп, әдебиетті сүйетін қауымның жүрегіне жылы әсер қалдырды.

Ерекше ықылас пен шабытқа толы кеш соңында қатысушылар әдебиет пен өнердің адам өміріндегі мәні зор екенін айтып, мұндай рухани шаралардың жиі ұйымдастырылуының маңызын атап өтті. Көктемнің көрікті күндерінде өткен бұл басқосу нәзіктік пен сұлулықты, аналарға деген құрмет пен шынайы ықыласты жыр арқылы дәріптеген тағылымды кеш ретінде есте қалды.

**Гүлнұр БАЙМҰХАН**

# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ӘДЕБИ МУЗЕЙІ – ТАҒЗЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ КЕШІ

**Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, драматург, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіров - ұлт руханиятында өшпес із қалдырған алып тұлға. Оның есімі қазақ поэзиясының биік шыңдарымен қатар аталады. Алайда тағдыр оған ұзақ ғұмыр сыйламады. 1938 жылдың 26 ақпанында жазықсыз жала жабылып, сталиндік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Бұл күн – қазақ халқы үшін қаралы әрі тағылымды күн. Тек 1957 жылы 12 сәуірде жазықсыз жазаға ұшырап, республикада отызыншы жылдары орын алған зорлық-зомбылықтың құрбаны болған Ілияс Жансүгіров толықтай ақталып, туған халқымен қауышты.**

Күні кеше Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейінде өмірі халық тарихындағы өте бір күрделі кезеңдер тұсында өткен, сол дәуірдің барша қарама-қайшылығын жүрегімен сезінген, тарихтың тар жолдарында өмірін шындық іздеумен өткізген, сол тауқыметті жылдар тез есейтіп, қаламына қайрат бітірген қазақ әдебиетіндегі аса ірі тұлға Ілияс Жансүгіровтің опат болған күніне орай еске алу шарасы өтті. Тағзым кешінің басты мақсаты - сталиндік қуғын-сүргін құрбаны болған ақынның рухына құрмет көрсету, оның мол әдеби мұрасын жас ұрпаққа насихаттау.

Іс-шараға ф.ғ.д. профессор. Іляистанушы Имангазинов Мұратбек Мубырақханұлы, тарих ғылымдарының кандидаты, оқытушы-әдіскер Буланов Ержан Олжабайұлы, жазушы-зерттеуші, бірнеше тарихи-танымдық кітаптардың авторы Нұрахмет Ерден Қыдырбекұлы және жас сарбаздар келіп қатысты. Жиналған қауым алдымен музей қорындағы сирек қолжазбалар мен тарихи құжаттар қойылған көрмені тамашалады. Онда ақынның өмір жолы, шығармашылық кезеңдері мен қуғын-сүргін жылдарындағы тағдыры жайлы тың деректер ұсынылды.

«Алдымызда асқар тұр,
Ауыр-ауыр тастар тұр.
Тұрмыз әзір түнекте,
Сол асқарды асқанша.
Сол тастарды басқанша,
Талай бейнет шегерміз.
Бәлкім тауда ұрынып,
Бәлкім тасқа сүрініп,
Құрбандық боп өлерміз», - деп «Жетерміз бе тілекке?» өлеңінде сезіктенсе де бақытқа кез болармыз деген үмітпен келешекке сеніммен қараған ақынды мезгілсіз қазаға ұшыратқандарға тауып айтар сөз де жоқ ау , сірә!

Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетіне айтулы ақын, қарымды қаламгер, дарынды драматург ретінде үлкен үлес қосты. Оның қаламынан Қазақстанның дарқан даласы, өндіріс орындары мен еңбек адамдарының іс-әрекеттері, өмірге деген құштарлығы, болашаққа үміт-сенімі кеңінен көрінеді. Ол өміріндегі өрнекті өнегелерімен халық жүрегіне жол тапты. Қазақтың біртуар ақыны, ардақты азаматы Ілиястай арыс перзент жайлы айтылар естелік те көп. Ал естеліктер деген адамның бар болмысын, алуан түрлі қасиеттерін, тіпті мінез-құлық ерекшеліктерін әр жағынан айшықты бейнелейтін маңызды мұра екеніне күмән



жоқ.

Кеш барысында арнайы келген қонақтар Ілияс Жансүгіровтің күреске толы өмірі, отбасының қиындыққа толы тағдыры, шығармаларының қазақ поэзиясындағы орны мен жаңашылдығы туралы мазмұнды баяндама жасады. Жас ақын Шакер Бағдаулет Ілияс рухына арнаған өлеңін оқып, кеш мазмұнын байыта түсті. Ілияс - жүрегі таза, мінезі көркем, айналасына мейірім шуағын шашқан жан еді. Оның өмірі бізге үлгі, артында қалған ізі - өшпес өнеге екенін еске алып, шара аясында Ілияс рухына бағыштап, Құран оқылды. Бұл сәт - өткен тарихтың ауыр сабақтарын еске салып, жүректерге терең әсер қалдырды.

Шара соңында музейіміздің меңгерушісі Жауынбаева Нұргүл Қызырбекқызы ақын өмірі жайлы бірқатар тың мәліметтермен бөлісіп, келген қонақтар мен қатысушыларға алғысын білдірді.

Еске алу кеші - ұлт руханиятына қызмет еткен тұлғаның өнегелі өмірін дәріптеп қана қоймай, жас буынға тарихи жадының маңызын ұғындырған тағылымды басқосу болды. Ілияс Жансүгіровтің асыл мұрасы мен қайсар рухы халық жадында мәңгі сақталары анық.

**Назерке Шенгельбаева**
**І. Жансүгіровтің әдеби музейінің аға ғылыми қызметкері**

# ТІЛ ЖОҒАЛСА – ҰЛТ ЖОҒАЛАДЫ

**Осыдан 3 жыл бұрын конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде өткен референдумда Қазақстанда қазақ тілін мемекеттік тіл ретінде бекітілгенде қуанбаған қазақ кем де кем шығар. Содан бергі уақытта қазақ тілнің мәртебесі төмендемесе жоғарлаған жоқ.**

Оған себеп орыс тілінің қазақ тілімен қатар тұруы. Қазіргі конституцияда да осы сценараий қайталанып отыр, 9-шы баптың бірінші тармағы мен екінші тармағы бір-біріне қайшы келіп тұр. Өйткені түзетудегі тең сөзі мен қатар сөзі синоним екенін ескермегенде ортада тұрған ресми деген сөзді қалай түсінеміз?

Бұл деген бүкіл мекемелерде, құжаттар мен іс-қағаздарда орыс тіліне жол ашылды деген сөз.

Бүгінгі күнде қазақ тілінің мәртебесі төмендеген сайын төмендеп барады. Қаладағы 30 мектептің үшеуі ғана таза қазақша, аралас мектеп деген жай ғана далбаса. Кезінде орыс мектептерінде қазақ сыныптарын ашып, көз бояғаннан балаларымыз қазақша сөйлеп кеткен жоқ, себебі орта өзгерген жоқ, қазақ сыныптары орыс мектептеріне жапсырылған жамау сияқты болды.

Бұл олқылықты қалай толтырудың жолын іздегеннің орнына енді қаймағы бұзыла қоймаған оңтүстік өңірлерде орыс мектептерін ашу жоспарланып жатқаны көңілді құлазытады. Бұл дегеніміз орыстандыру науқанының жалғасы болмасын деп тілейік.

Осы орайда Абай атамыз, Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, бертінде Мұхтар Шаханов, Шерхан Мұртаза сияқты тіл жанашырлары тілді қорғауға шақырғаны ойландыруы керек. Тіл жоғалса ұлт жоғалады емес пе? Ауыз екі анекдоттардың кейіпкері болып жүрген чукчалар қайдан шықты, солардың бәрі Иванов, Петров, Сидоров болып кеткен жоқ па?

Осыны түсінетін кез келді, Ағайын.

**Қаламқас КӨШКІНБАЕВА,**
**Зейнеткер, қала тұрғыны**

# РОЛЬ ЖЕНЩИН ВО ВЛАСТИ ПОСТЕПЕННО УСИЛИВАЕТСЯ

**В ПОСЛЕДНИЕ ГОДЫ УЧАСТИЕ ЖЕНЩИН В ПОЛИТИКЕ И ГОСУДАРСТВЕННОМ УПРАВЛЕНИИ КАЗАХСТАНА ПОСТЕПЕННО УВЕЛИЧИВАЕТСЯ. НЕСМОТРЯ НА СОХРАНЯЮЩИЙСЯ ГЕНДЕРНЫЙ ДИСБАЛАНС, ЖЕНЩИНЫ ВСЁ АКТИВНЕЕ ЗАНИМАЮТ РУКОВОДЯЩИЕ ДОЛЖНОСТИ, РАБОТАЮТ В ПАРЛАМЕНТЕ И УЧАСТВУЮТ В ПРИНЯТИИ ВАЖНЫХ ГОСУДАРСТВЕННЫХ РЕШЕНИЙ. ПОДРОБНЕЕ ЧИТАЙТЕ В МАТЕРИАЛЕ BAQ.KZ.**







## ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВО ЖЕНЩИН В ПАРЛАМЕНТЕ

Сегодня женщины представлены в обеих палатах Парламента Республики Казахстан — Сенате и Мажилисе. Однако их доля пока остаётся значительно ниже мужской. По данным международных организаций, в 2024 году женщины занимали около 19,3% мест в национальном парламенте Казахстана. В Мажилисе женщины составляют примерно 18–19% депутатского корпуса, тогда как в Сенате их около 20%. Таким образом, несмотря на постепенный рост участия женщин в политике, они по-прежнему остаются меньшинством в законодательной власти.

## ЖЕНЩИНЫ В СИСТЕМЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

Более заметную роль женщины играют в государственной службе. По данным профильных ведомств, 55,8% государственных служащих Казахстана составляют женщины, при этом около 39% занимают руководящие должности. Эксперты отмечают, что за последние годы в стране были предприняты шаги по расширению участия женщин в политической жизни. В частности, в избирательное законодательство была введена квота для женщин и молодёжи в партийных списках на парламентских выборах.

## ЖЕНЩИНЫ НА РУКОВОДЯЩИХ ПОСТАХ

История независимого Казахстана знает примеры женщин, занимавших высокие государственные должности. Одной из самых известных является Гульшара Абдыкаликова — государственный деятель с большим опытом работы в системе государственного управления. В разные годы она занимала ряд ключевых постов, включая должности заместителя Премьер-министра Казахстана, Государственного секретаря Республики Казахстан, а также министра труда и социальной защиты населения. В 2020 году Абдыкаликова была назначена акимом Кызылординской области, став первой женщиной-руководителем региона в истории страны. Её карьера часто приводится в качестве примера успешного продвижения женщин на высшие государственные должности и участия в принятии стратегических важных решений на национальном уровне. Женщины также занимают посты министров, заместителей министров, руководителей государственных агентств и дипломатических миссий. Однако эксперты отмечают, что на уровне регионального управления и ключевых экономических ведомств их представительство остаётся ограниченным.

## ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Международные исследования показывают, что участие женщин в политике напрямую связано с развитием демократических институтов и повышением эффективности государственного управления. В Казахстане процесс расширения политического участия женщин продолжается. Государственные программы, образовательные инициативы и реформы в избирательной системе направлены на создание более равных возможностей для участия женщин в политике и управлении страной .Таким образом, несмотря на сохраняющийся гендерный дисбаланс, роль женщин во власти постепенно усиливается. Их участие в законодательной и исполнительной власти становится важным фактором развития современного казахстанского общества. Сейчас в правительстве Казахстана министрами значатся три женщины: министр культуры Аида Балаева, министр здравоохранения Акмарал Альназарова и министр просвещения Жулдыз Сулейменова.

# ЖЕНЩИНЫ СПОСОБНЫ МЕНЯТЬ МИР

Прошедший праздник Международный женский день —это праздник, который символизирует борьбу женщин за равные права, уважение и признание их роли в обществе. Эта дата напоминает о том, насколько значителен вклад женщин в развитие науки, культуры, политики и общественной жизни. На протяжении веков многие из них не просто добивались личных успехов, но и меняли ход истории. Среди таких выдающихся личностей — ученая, правозащитница и государственный деятель, чьи имена стали символом силы, таланта и преданности своему делу. Подробнее читайте в материале BAQ.KZ. о женщинах, известных миру по своим открытиям, борьбой за права в жизни и «железной леди»,имеющей лидерские качества.




## МАРИЯ КЮРИ — ЖЕНЩИНА, ОТКРЫВШАЯ НОВУЮ ЭПОХУ В НАУКЕ

Одной из самых известных женщин в истории науки является Мария Кюри. Она стала первой женщиной, получившей Нобелевскую премию, и до сих пор остается единственным человеком в мире, удостоенным этой награды сразу в двух разных научных областях — физике и химии.

Мария Кюри родилась в Польше, однако научную карьеру построила во Франции. Вместе со своим супругом Пьером Кюри она занималась исследованиями радиоактивности — тогда ещё малоизученного явления. Именно Мария Кюри ввела в научный оборот термин «радиоактивность» и открыла два новых химических элемента — Полоний и Радий.

Её исследования стали фундаментом для развития ядерной физики и медицины. Во время Первой мировой войны Мария Кюри организовала мобильные рентгеновские установки для помощи раненым солдатам. Благодаря её работе были спасены тысячи жизней. Несмотря на сложные условия, предрассудки общества и огромные научные риски, она продолжала свою работу до конца жизни, навсегда вписав своё имя в историю науки.

## РОЗА ПАРКС — СИМВОЛ БОРЬБЫ ЗА ГРАЖДАНСКИЕ ПРАВА

Другой женщиной, чьё имя стало символом перемен, является Роза Паркс. Её поступок в середине XX века стал одной из отправных точек борьбы за равные права в США.

В 1955 году в городе Монтгомери, штат Алабама, Роза Паркс отказалась уступить своё место в автобусе белому пассажиру, что на тот момент требовали законы сегрегации. За этот поступок её арестовали, однако именно этот случай стал толчком к масштабному общественному протесту — Бойкот автобусных линий в Монтгомери.

Акция продолжалась более года и привела к отмене сегрегации в общественном транспорте. Важную роль в движении сыграл молодой пастор Мартин Лютер Кинг-младший, который позже стал одним из главных лидеров борьбы за гражданские права. Саму Розу Паркс стали называть «матерью движения за гражданские права». Её смелость показала, что даже один поступок способен изменить общество.

## МАРГАРЕТ ТЭТЧЕР — «ЖЕЛЕЗНАЯ ЛЕДИ» МИРОВОЙ ПОЛИТИКИ

В истории мировой политики особое место занимает Маргарет Тэтчер — первая женщина на посту премьер-министра Великобритании. Она занимала эту должность с 1979 по 1990 год и стала одним из самых влиятельных политиков XX века.

За твёрдый характер и решительность Тэтчер получила прозвище «Железная леди». Её экономическая политика, направленная на приватизацию государственных предприятий, сокращение роли государства в экономике и развитие свободного рынка, существенно изменила экономический курс Великобритании.

Во время её правления страна пережила серьёзные экономические и политические реформы. Одним из ключевых событий того времени стал вооружённый конфликт между Великобританией и Аргентиной — Фолклендская война 1982 года, после которой политические позиции Тэтчер значительно укрепились.

Несмотря на неоднозначное отношение к её политике, Маргарет Тэтчер остаётся одной из самых влиятельных женщин в мировой истории и примером того, как решительность и лидерские качества позволяют преодолевать любые барьеры.

## СИМВОЛ СИЛЫ, ТАЛАНТА И ПЕРЕМЕН

Истории Марии Кюри, Розы Паркс и Маргарет Тэтчер — это примеры того, как женщины способны менять мир в самых разных сферах: науке, общественной жизни и политике. Их достижения стали возможны благодаря упорству, смелости и вере в свои идеи.

В современном мире роль женщин продолжает расти. Они возглавляют государства, совершают научные открытия, создают инновационные проекты и активно участвуют в развитии общества. Поэтому Международный женский день остаётся не только праздником весны, но и напоминанием о значимости вклада женщин в историю и будущее человечества.

*/источник BAQ.KZ/*

# АЗЕРБАЙДЖАНСКИЙ ПОЛИТОЛОГ: «КОНСТИТУЦИОННАЯ РЕФОРМА ОТКРЫВАЕТ КАЗАХСТАНУ ВОЗМОЖНОСТЬ ПЕРЕЙТИ К НОВОМУ ЭТАПУ РАЗВИТИЯ ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА»

**КАЗАХСТАН ЗАНИМАЕТ ОСОБОЕ МЕСТО В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ. НА ФОНЕ ПОДГОТОВКИ КАЗАХСТАНА К ПРОВЕДЕНИЮ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОГО РЕФЕРЕНДУМА ПО НОВОЙ РЕДАКЦИИ КОНСТИТУЦИИ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ЭКСПЕРТЫ ВСЁ АКТИВНЕЕ ОБСУЖДАЮТ ЗНАЧЕНИЕ ПРЕДЛАГАЕМЫХ ИЗМЕНЕНИЙ ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ СТРАНЫ И УКРЕПЛЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОЙ СТАБИЛЬНОСТИ, СООБЩАЕТ QAZ365.KZ.**



По мнению известного азербайджанского политолога, профессора Западного Каспийского университета и эксперта по международным отношениям Фикрета Садыхова, конституционные преобразования могут стать важным этапом формирования более устойчивой модели государственного управления и развития демократических институтов.



– **Фикрет, как Вы оцениваете значение конституционной реформы для институциональной устойчивости Казахстана?**

На пути к дальнейшему развитию демократии и демократических преобразований вступление государства в новый качественный этап формирования правового государства требует последовательных и продуманных политических решений. В этом смысле проведение конституционной реформы в Казахстане является своевременным и важным шагом.

Речь идёт не просто о внесении отдельных изменений, а о создании условий для укрепления принципов приоритета прав и свобод человека, совершенствования механизмов государственного управления и развития современной правовой системы. Поэтапные политические преобразования позволяют государству адаптироваться к новым общественным запросам и международным реалиям, сохраняя при этом стабильность.

Очевидно, что предлагаемая реформа создаёт новые возможности для развития конституционных институтов, а также институтов гражданского общества. Она формирует основу для появления нового политико-правового мышления, учитывающего как внутренние процессы общественно-политического развития, так и современные международные правовые стандарты.

В долгосрочной перспективе это способно повысить институциональную устойчивость государства и укрепить доверие общества к государственным институтам.

– **Как реформы могут повлиять на региональный баланс и взаимодействие в Центральной Азии и на постсоветском пространстве?**

Безусловно, происходящие в Казахстане изменения внимательно отслеживаются во всём регионе. Казахстан занимает особое место в Центральной Азии и на постсоветском пространстве как одно из ключевых государств с серьёзным экономическим и политическим потенциалом.

Конституционные реформы создают почву для дальнейшего развития правовых институтов и более современного государственного управления. Это, в свою очередь, может способствовать укреплению региональной стабильности, поскольку успешные институциональные преобразования всегда становятся определённым ориентиром для соседних стран.



Важно и то, что реформы происходят с учётом сложившихся общественно-политических реалий и направлены на развитие правовых принципов и механизмов взаимодействия государства и общества. Такой подход способствует формированию более предсказуемой политической среды, что позитивно отражается и на региональном сотрудничестве.



– **Какую роль, на Ваш взгляд, играет Президент Касым-Жомарт Токаев в продвижении модернизационной повестки?**

Роль Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в данном процессе, безусловно, является ключевой. Именно по его инициативе реализуется нынешний этап политических преобразований, направленных на модернизацию системы управления.

Очевидно, что глава государства заинтересован в продвижении реформаторской повестки, устранении накопившихся институциональных барьеров и поиске решений существующих проблем. Это свидетельствует о стремлении адаптировать государственную систему к современным вызовам и продолжить курс на развитие демократических преобразований.

В современных условиях подобные инициативы требуют политической воли и стратегического видения, поскольку речь идёт о долгосрочном развитии страны и формировании более эффективной модели государственного управления.

–**Какие долгосрочные последствия реформы могут ожидать политическую систему Казахстана и региональную стабильность?**

Вне сомнения, предлагаемые поправки дают Казахстану серьёзный шанс для дальнейшего развития. Это возможность постепенно отходить от устаревших управленческих подходов и догматических моделей, которые со временем теряют эффективность.

Реформа открывает путь к обновлению политической системы и созданию более гибких механизмов управления, способных отвечать современным вызовам. Важно и то, что общество само демонстрирует запрос на подобные изменения.

Инициатива главы государства во многом совпала с ожиданиями различных общественных институтов и широких слоёв населения. Многие законодательные нормы уже работают в рамках существующей системы, однако предлагаемые изменения способны придать новый импульс развитию демократических институтов.

Если реформы будут последовательно реализованы, они могут способствовать укреплению общественного договора между государством и обществом, повышению доверия к институтам власти и формированию более устойчивой политической культуры. Всё это имеет значение не только для внутреннего развития Казахстана, но и для общей стабильности региона в долгосрочной перспективе.

**(источник 365 кз.)**

АСЫЛ ҚАЗЫНА

# БҮГІН МЕН БОЛАШАҚТЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ҚҰРАЛ

Ата заңның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Демек, мемлекеттік тілдің конституциялық мәртебесі айшықталып бекітілген. Мемлекеттік тіл – сол мемлекеттің бүкіл азаматтарының ортақ тілі, оның мемлекеттік тіл деп аталуы да сол себепті. Ендеше, біз осы ұғымды ардақтауға, оның мәртебесін көтеруге міндеттіміз, ардақтамасақ, көтермесек, жауаптымыз. Ендеше, қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» деп нақты атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Бүгінгі таңда сот жүйесінде де мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру мақсатында маңызды мәселелер көтеріліп, көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Алайда, бұл тұрғыда сот жүйесін 100 пайыз мемлекеттік тілге көшуге кедергі болып отырған бірталай мәселелер орын алуда. Атап айтатын болсақ, талап-арыздар, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер сотқа, қай тілде рәсімделіп, келіп түссе, сотта сол тілде қаралады. Оның бірден-бір себебі, заң кеңесшілері мен адвокаттар азаматтық істер бойынша орыс тілін жетік білмейтін немесе ойын жеткізе алмайтын қазақ азаматтарының сотқа талап арыздарын орыс тілінде дайындайды. Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселесі төңірегінде мемлекеттік қызметкерлер, заңгерлер, судьялар, прокурорлар мен адвокаттардың қатысуымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты жекелеген мәселелер үнемі ескеріліп айқындалып отырса нұр үстіне нұр болар еді.

Мемлекет басшысы Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Егемен Қазақстан газетіне берген сұхбатында «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал»,- деген болатын. Сондықтан мемлекеттік тіліміздің мәртебесін өсіріп, абыройын асқақтатып, беделін биіктету баршамыздың асыл парызымыз болуға тиіс. Сонда тіліміздің қолдану аясы да кеңейе түсері даусыз.

**Дастан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ,**
**Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының аға сот приставы.**

ГЕНДЕР

# ӘЙЕЛДЕР БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРА ТҮСУ ЖОЛЫНДА

Айта кету керек, ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету – уақыт талабы. Сондықтан аталмыш стратегияның басты мақсаты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан қосылған халықаралық актілерде жарияланған, ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін іске асыру үшін жағдай жасау, сондай-ақ олардың қоғам өмірінің барлық салаларына тең жағдайда қатысуы, қоғамдық-саяси өмірде гендерлік теңдікке қол жеткізу, атқарушы және өкілдік билік органдарында, шешімдер қабылдау деңгейіндегі басқару процесстерінде ерлер мен әйелдердің тең (паритетті) өкілдік етуіне қол жеткізу,экономика саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу, әйелдер арасындағы кәсіпкерлікті одан әрі дамыту, әйелдердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру тағы басқа маңызды міндеттер болып табылады.

Қазақстанда гендерлік теңдік мәселелерінде белгілі бір жетістіктерге қол жеткізілді, сонымен қатар, нормативтік-құқықтық база да жетілдірілуде. 2009 жылдың желтоқсанында гендерлік бағыттаушы заңнама аясында «Тұрмыстық зорлықтың алдын-алу туралы», «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Заңдар қабылданды. Азаматтық қоғам ұлттық гендерлік саясатты жүзеге асыруға, өмірдің барлық саласында гендерлік теңдікке қол жеткізу механизмін дайындауға белсенді түрде қатысуда.

Гендерлік саясат дегеніміз, әйелдерді ерлермен тең дәрежеде билікке тарту, ана мен балаға айрықша әлеуметтік жағдай жасау, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу сияқты мәселелерді шешу боп табылады. Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жыныска байланысты кемсітусіз іске асыруы үшін жағдай жасауға ықпал ететін болады.

Әйелдердің белсенділігін арттыруға бағытталған пәрменді шаралардың бірін еліміздің жетекші партиясы болып табылатын «AMANAT» партиясы іске асырып келеді.Мәселен, қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыру – «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасына енген міндеттердің бірі. Партия гендерлік теңдік қағидатын қолдай отырып, 2022 жылдан бастап Қазақстанда әйелдердің саяси көшбасшылығын дамытуға бағытталған «Томирис» жобасын іске асыруда. «AMANAT» партиясы жанындағы әйелдер қанатының мақсаты – гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілету, қазақстандық әйелдерді еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өміріне тарту, сондай-ақ олардың күш-жігері мен бастамаларын бір арнаға біріктіру болып табылады.

**Динара СИМИЛТАРОВА,**
**Талдықорған қалалық сотының бас маманы.**

МЕДИАЦИЯ

# ТАРАПТАРҒА ТИІМДІ ТӘСІЛ

Халқымызда «Дау мұраты – бітім» тәмсіл бар. Қоғам болған соң онда түрлі даулар мен жанжалдар орын алатыны белгілі. Мұндайда өркениетті ел мәселесін жұдырықпен емес, өзара мәмілемен, құқықтық институттар көмегімен, сот арқылы шешетіні түсінікті. Әсіресе, «Медиация туралы» заңның қолданысқа енгізілуі үлкен қалалардан бөлек, шағын ауыл-аймақтардағы халықтың бірлігін сақтауға, дауды дабырайтпай тез, тиімді шешуге көмектесіп келе жатқанын айта кеткеніміз жөн. «Медиация» сөзі - латын тілінен аударғанда делдал, екі тарапты мәмілеге келтіруші үшінші тұлға деген мағынаны білдіреді. Медиация тараптардың ерікті келісім бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиаторлардың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиацияны, қарапайым тілмен айтқанда, бітімгершілік деп түсінуге болады. Яғни, қандай да бір мәселе бойынша тараптар арасында келіспеушілік туған жеке азаматтар немесе заңды тұлғалар оны соттан тыс, өзара келісім жағдайында шеше алады.

Медиацияның маңызы мен мәнін түсіндіру бойынша соттарда ауқымды жұмыстар қолға алынды.Қазақстан Республикасында сот жүйесі әлі даму жолында. Ол бір күнде бола қалатын жағдай емес деп ойлаймын. Бірақ “медиация” туралы Заңның қабылдануы біздің тәуелсіз мемлекетімізді құқықтық республика статусына тағы бір қадамға жақындатады деп сенемін.

Себебі, дауды медиация аясында шешу, тараптарды татуластыру мәселесі қай заманда да өзектілігін жойған емес. Тараптар өз еріктері бойынша сотта қаралып жатқан дауды толықтай немесе бір бөлігін татуласу рәсімдерін қолдануға құқылы. Қазақ елі әуел бастан дауларды билердің қатысуымен екі жақтың ортақ келісуімен шешіп келген. Сондықтан, татуластыру рәсімдерін сот билігінде қолданулы халық түсінікпен оң қабылдап, дауларды өзара екі жақтың келісімімен шешуге ұйғарды.

Осындай игілікті істердің арқасында кейінгі жылдары соттарда татуласу рәсімдерімен қаралған істердің саны арта түсіп, дауларын бітімгершілік жолмен шешіп жатқан жағдайлар көбейе түсті. Оның үстіне, медиация әдісі бүгінде әлем елдерінде дауларды баламалы түрде шешу рәсімдері кез келген істе белсенді қолданылады. Бұл жолдан бабаларымыз баяғыда жүріп өткені баршаға аян. Біз де сол үрдіске бет бұрдық. Өйткені бітімгершілікпен біткен әрбір іс басты жетістігіміз екені талассыз.

**Райымбек МҰРАТОВ,**
**Жетісу облысының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.**

ЗАҢ ТАЛАБЫ

# ЖАЗА ЖҮЙЕСІН ІЗГІЛЕНДІРУ БАҒЫТЫНДА

Қазақстанда қазіргі кезде қылмыстық саясат пен қылмыстық заңнамада жаза жүйесін ізгілендіру бағытында дамып келеді. Бұл саясат жазаның әлеуметтік олқылықтарын азайтумен және сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты. Бүгінгі таңда адам құқықтары мен бостандықтарының басымдығы қағидатын іске асыру елде жүргізіліп жатқан реформаның басты бағыты болып табылады. Сондықтан кейбір қылмыстар үшін бас бостандығынан айырумен қатар жазаның баламалы түрлері де қарастырылып отырғаны мәлім. Соның бірі сотталушыны шартты түрде соттау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабының талаптарына сәйкес шартты түрде соттауды қолдану кезінде сот жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлі адамның жеке басын, оның ішінде жауаптылық пен жазаны жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескеріп, бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады. Сонымен қатар, шартты түрде соттауды тағайындау кезінде сот осы Кодекстің 44-бабы екінші бөлігінің қағидалары бойынша бас бостандығынан айырудың барлық тағайындалған мерзіміне, ал кәмелетке толмағандарға алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілейді.

Мына бір мәселеге де мән берген абзал. Айталық, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде, адамды аса ауыр қылмыс, сыбайлас жемқорлық қылмыс, террористік қылмыс, экстремистік қылмыс, азаптаулар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс үшін соттаған кезде адамдарға шартты түрде соттау қолданылмайды. Көрсетілген шектеу он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамның жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарға қолданылмайды.

Осы кодекстің 64-бабына сәйкес егер шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылау мерзімі өткенге дейін өз мінез-құлқымен өзінің түзелгенін дәлелдесе, пробациялық бақылауды жүзеге асыратын органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою туралы және сотталған адамнан сотталғандықты алып тастау туралы қаулы шығара алады. Бұл ретте шартты түрде соттаудың белгіленген мерзімінің кем дегенде жартысы өткен соң оның күші жойылуы мүмкін. Ал, егер шартты түрде сотталған адам соттың оған жүктеген міндеттерін орындамаған не осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген органның ұсынуы бойынша сот шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы қаулы етеді, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты пробациялық бақылау мерзімін қайтадан ұзарта алады, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартады.

**Анар ТОХТЫБАКИЕВА,**
**Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы.**

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# МИХАИЛ ШАЙДОРОВ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҚҚА ҮМІТКЕР



Михаил Шайдоров халықаралық сыйлыққа үміткер атанды: бәсекелестер тізімінде Малинин бар. Мәнерлеп сырғанаудан Милан-Кортина Олимпиадасының чемпионы Михаил Шайдоров ISU Skating Awards халықаралық сыйлығына номинант атанды, деп хабарлайды Qazsport арнасы.

Телеарна мәліметінше, жанкүйерлер 18 наурызға дейін дауыс бере алады. Нәтижесінде әр санатта үш номинанттан қалады.

Жеңімпаздар 29 наурызда Прагада өтетін Әлем чемпионатының банкетінде жарияланады.

Қазақстандық мәнерлеп сырғанаушының басты бәсекелестері: АҚШ өкілі – Илья Малинин, эстониялық Александр Селевко және жапон мәнерлеп сырғанаушысы Каори Сакамото.

АРМРЕСТЛИНГ

# ТАСТАНОВТЫҢ ТАМАША ТАБЫСЫ



Ақпан айының аяғында Талғар қаласында қол күресінен ардагер ерлер, әйелдер арасында (қоссайыс бойынша) Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Айта кетерлігі, бұл біріншіліктің жеңімпаздары алдағы өтетін Азия чемпионатына қатысу жолдамасына ие болады. Осы сында біздің қажымайтын қайратты, жасымайтын жігерлі жерлесіміз Әбдуәли ТАСТАНОВ кезекті жеңісіне қол жеткізді. Ол 90 келі салмақта сынға түсіп, барлық қарсыластарынан оң қолымен де, сол қолымен де басым түсіп, ел чемпионы атанды және оған қоса Қырғызстанда маусымның 6 мен 14 аралығында өтетін Азия чемпионатына жолдаманы жеңіп алды. Бәрімізді жарқын жеңістерімен ұдайы қуантып, жастарға үлгі-өнеге болып жүрген Әбдуәли ТАСТАНОВТЫ тамаша табысымен құттықтай отырып, сары құрылық чемпионатында да жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектеспіз!

АРҚАН ТАРТУ

# КӨРЕРМЕНДЕРГЕ ЕРЕКШЕ ӘСЕР СЫЙЛАДЫ









Панфилов ауданында жұртшылық арасында бұқаралық спортпен шұғылдануға кеңінен жол ашуға бағытталған ісшаралар ұйымдастырылып отырады. Бұл мақсатта кез-келген адам қатысуға мүмкіндігі мол спорт түрлерінен жарыстар өткізіліп тұрады. Күні кеше ғана арқан тартудан өткен облыс біріншілігінен кейін Жәркент өңірінде осы спорт түрімен айналысушылар қатары арта түскені анық. Өйткені, бұл облыс біріншілігін тамашалауға келген адамдар қатары да аз болған жоқ.

Атап айтсақ, Панфилов ауданында «Спорт есірткіге қарсы» ұранымен арқан тартыстан ересектер арасында Жетісу облысының рейтингтік чемпионаты жоғары деңгейде өтіп, өз мәресіне жетті.Дүбірлі додаға облыстың 8 ауданынан келген командалар қатысып, өзара мықтыны анықтады. Тартысты өткен жарыс барысында спортшылар күш-жігері мен ұйымшылдығын көрсетіп, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Бұл спорт түрі әрбір ұжымның бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін атсалысуын талап ететіндігі жарыс барысында айқын көрініс тапты. Сөйтіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара біліп, ұйымшылдық пен жеңіске деген жігер танытқан Панфилов және Алакөл аудандарының командалары жеңіс тұғырының бірінші жатысына көтерілді.Екінші орын облыс орталығы талдықорғандықтарға бұйырды. Жүлделі үштікті Көксу ауданының спортшылары түйіндеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен және арнайы жүлделермен марапатталды.

БАСКЕТБОЛ

# ҚАРАТАЛДЫҚ ҚЫЗДАР ОБЛЫС ЧЕМПИОНЫ




Қыз-келіншектердің төл мерекесі қарсаңында Панфилов қаласының орталығы Жәркент қаласында 2010 жылғы туған және одан да кіші жастардағы қыздар арасында баскетболдан Жетісу облысының чемпионаты өтті. Бұл жарысқа облыстың барлық аудандарының командалары қатысып, чемпиондық атақ үшін таласқа түсті. Командалардың шеберлік деңгейлері қарайлас болғандықтан әрбір кездесу шиеленіскен тартысты жағдайда өтті.

Дегенмен, «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, бес күнге жалғасқан жарыс қорытындысы бойынша білікті бапкер Садық Нұржанов баптап, бастап барған Қаратал ауданы балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің баскетболшы қыздары жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтеріліп, облыс чемпионы атанды. Қараталдықтар алтын медальмен қоса арнайы кубокпен де марапатталды.

**Жайық ТОХАҒҰЛОВ,**
**Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің әдіскері**

КӘСІПҚОЙ БОКС

# АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМ ТҮСІРЕДІ



Қазақстан кәсіпқой бокс федерациясының президенті Рахымжан Ерденбеков қазақстандық боксшы Жәнібек Әлімханұлының орта салмақтағы әлем чемпионы атағынан айырылуына байланысты IBF ұйымының шешіміне пікір білдірді, деп хабарлайды Zakon.kz.

Ерденбеков өз мәлімдемесін Instagram әлеуметтік желісіндегі парақшасында жариялады. Оның айтуынша, IBF ұйымының ережелері өте қатаң.Ұйым жолдаған хатқа сәйкес, спортшы 2026 жылдың 2 желтоқсанына дейін шеттетілді. Олардың ережелерінде кез келген салмақ дәрежесіндегі кез келген чемпион өз белбеуін тоғыз ай бойы қорғауы керек деп көрсетілген, яғни Жәнібек Әлімханұлы оны 2026 жылдың 4 шілдесіне дейін қорғауы керек.

"Қазіргі жағдайға байланысты, 2026 жылдың 5 наурызында IBF директорлар кеңесі титулды дереу бос деп жариялау туралы шешім қабылдады.Федерация президенті ретінде мен бұл жағдай Жәнібектің командасына үлкен сабақ берді деп санаймын. Дегенмен, ол биыл үлкен рингке одан да күштірек оралады және жақын арада төрт әлем титулын да жеңіп алады.Жәнібектің командасы бұл іс бойынша апелляциялық шағым түсіреді", – деп жазды Ерденбеков.

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

# ҚҰС ҚАНАТЫ



**Жазба күнтізбесі болмаса да, жыл он екі айды өзінше зерттеп, зердесіне түйген қазақ жұрты он екі ай ішіндегі әртүрлі амалдарды атадан балаға мирас етіп, сабақтай білген. Жыл басы Наурызды шаруагер ел асыға күтеді. Қиыншылығы көп қыстан малды аман алып шығамын ба деп, қардың тез кетерін, не кетпесін болжайды.**

Қазіргі күнтізбе бойынша 14 наурыз күні қар бетіне түскен құмалақ өз салмағымен батса, жаз тез шығады дескен. «Қардың басын қар алар» деген сөз әліарада, яғни 26-28 наурызға келетін сияқты. 14 Наурыз күні халық «қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы туды» деп есептейді. Сонымен қатар, осы Наурыз айында еліміздің кең байтақ жерінде болатын басқа да табиғат амалдарына тоқталсақ:

**Ұзынсарының желі** – наурыздың соңғы онкүндігінде соғатын жел. Самарқанның көк тасы жібитин күн. Наурыз айының 22-сі күні шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл басталады. Бұл күні шығыста күн жылып, жер жібіп, ашық шуақты мезгілдер басталады. Самарқандағы Ұлықбек обсерваториясына байланысты қағидаға айналған бұл сөз «көктем, жаңа жыл басталады» деген ұғымды білдіреді.

**Наурыздың ақша қары.** Көктем шығып, наурыз айы соңына таяса да еліміздің кейбір өңірінде күн суытып, қар жауып жатады. Табиғаттың бұл тосын сыйын бірі күтсе, бірі күтпеген болады. Халқымыз наурызда жауған ақ ұлпаны «Наурыздың ақша қары» деп атайды. Наурыздың ақша қары ауыз әдебиетінде де жырланып, әдемілік пен сұлулықтың нышанына теңеледі. Мысалы «Қыз Жібек» жырында бұл амал былай жырланады: Қыз Жібектің ақтығы, Наурыздың ақша қарындай, Ақ бетінің қызылы, Ақ тауықтың қанындай. Құс қанаты – наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары ұшып келе бастайды. Олардың келуімен қар аралас жаңбырмен суық жел тұрады. Мұны ел «құс қанаты» деп атап, амалға жатқызған.

**Аласапыран** – көктемнің наурыз айында кейде сәуірде қар күрт ерігеннен жер лайсаң болып, шаруашылыққа қолайсыздық әкелетін кезең. Сондай-ақ қар бірде жауып, бірде еритін күздің жайсыз мерзімі де «аласапыран» деп аталады.

**anatili.kazgazeta.kz сайтынан алынды**




## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**Выполним отделочные работы:**

- Черновой левкас
- Леонардо, мокрый шелк
- Откосы, тиккурила и все другие отделочные работы. Качество и выполнение в срок гарантируем.

**Тел. 8701 785 99 94; 8708 551 20 83.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Жетісу облысының тұрғындары мен қонақтары!

«Талдықорған орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бекітілген жоспарға сәйкес ағымдағы жылдың 16 және 20 наурыз аралығында өрт қауіпін бәсеңдету мақсатында орман қоры және оған іргелес аумақтарда құраған шөптесін өсімдіктерді өртеу іс-шаралары жүргізілетінін ескертеді. Өртеу жұмыстары Талдықорған қаласының Ардагерлер саябағы маңы және Дубки демалыс аймағының маңайында, Ескелді ауданының Көкжазық ауылының Қаратал өзенінің жағалауында жүргізіледі (Қаратал орманшылығының 1, 8, 13 орамдарының 4, 10, 18, 70,71,72 телімдерінде) жалпы ауданы 1,0 гектар жерге жасалады.

Қосымша ақпарат Талдықорған орман шаруашылығының инстаграм парақшасында жарияланады leshoz_tdk.

**Дидар Ордабаев,**
**Қаратал орманшылығының орманшысы**

Түзету

Газеттің өткен санында «Заманауи әйел –елдің айнасы»атты мақалада кеткен қате үшін редакция алқасы оқырмандардан кешірім өтінеді. Мақалада Қазақстан Үкіметі құрамындағы қазіргі 3 министр әйелдің саны екеу ғана деп көрсетілген. Техникалық қателер салдарынан сөйлемдері қажетті сөздер түсіп қалған. Жіберілген қате үшін жауапты қызметкерлерге ескерту берілді.

**Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы**

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

*Құрылтайшы:* Ырым КЕНЕНБАЙ

*Баспахана директоры Бакберген ТУКИБАЕВ*

*Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА*

*Редакция алқасы:*
*Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары*
*Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – Тілші*

*Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН*

Алатау

*Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.*

*Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.*

*Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.*

*Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.*

*Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;*
*E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru*
*Сайты: alatau_gazeti*
*Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.*

Таралымы 2000
Тапсырыс № 272
Индекс 15534